Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы N 2155 Заңы.
МАЗМҰНЫ

Ескерту. Осы Жарлықтың 2, 13, 19, 28, 52, 54, 58, 72-баптарына өзгертулер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.05 № 2672 Жарлығымен, Тақырыбына өзгерту енгізілді, кіріспе алынып тасталды - 2001.03.02 № 162, мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - XIII" деген цифрлар тиісінше "1 - 13" деген цифрлармен ауыстырылды - 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), Бүкіл мәтін бойынша "(мүдденің)", "(мүдде)", "(мүддені)" деген сөздер алып тасталды - 2005.07.08 № 69 Заңымен.

1 Тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасының банк жүйесі

Қазақстан Республикасының банк жүйесі екі деңгейден тұрады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (Қазақстан Ұлттық Банкі) Қазақстан Республикасының орталық банкі болып табылады және Қазақстан Республикасы банк жүйесінің жоғары (бірінші) деңгейін білдіреді.

Қазақстан Ұлттық Банкі басқа елдердің орталық банктерімен және басқа банктермен қарым-қатынаста, халықаралық банктер мен басқа да қаржы-кредит ұйымдарында өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді.

Қазақстан Ұлттық Банкі өз міндеттерін орындау кезінде пайда табу мақсатын басшылыққа алмауға тиіс.

Екінші деңгейдегі банктердің түрлері, құқықтық мәртебесі, оларды құрудың, қызметінің және таратудың тәртібі Қазақстан Республикасының банк заңдарымен белгіленеді.

Ескерту. 1-бапқа өзгертулер енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.05. № 2672 заң күші бар Жарлығымен, ҚР 1997.07.11. № 154 Заңымен, 2003.07.10 N 483 (01.01.2004 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің мәртебесі және қызметінің құқықтық негізі

Қазақстанның Ұлттық Банкі мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеуді және жүргізуді, төлем жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыратын, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесетін және мемлекеттік статистиканы жүргізетін, сондай-ақ өз құзыреті шегінде қаржы нарығын, қаржы ұйымдары мен өзге де тұлғаларды және Қазақстан

Республикасының қаржы заңнамасы саласында мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Қазақстанның Ұлттық Банкі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, осы Заңды, Қазақстан Республикасының басқа да заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын басшылыққа алады.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің есептілігі

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді.

Қазақстан Республикасының Президентіне есептілік мынаны білдіреді:

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімімен Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасын тағайындауы; оны қызметтен босатуы;

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарларын қызметке тағайындауы және қызметтен босатуы;

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымын және жалпы штат санын бекітуі;

Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының бекітуі;

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Ұлттық Банкі туралы ережені бекітуі;

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Ұлттық Банкінің жылдық есебін бекітуі;

Қазақстан Республикасы Президентінің ұлттық валюта - Қазақстан теңгесі банкноттары және тиындары дизайнының тұжырымдамасын бекітуі;

Қазақстан Ұлттық Банкінің өз құзыретіндегі мәселелер жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті сұрау салған ақпаратты табыс етуі.

Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.12.05 N 2672 заң күші бар Жарлығымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.06.29 N 236, 2001.03.02 N 162, 2005.07.08 N 69, 2009.04.29 N 154-IV; 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-1-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің стратегиялық жоспары мен меморандумы

1. Қазақстанның Ұлттық Банкі бес жылдық кезеңге арналған стратегиялық жоспар әзірлейді, онда Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен нысаналы индикаторларын айқындайды.

Стратегиялық жоспарды Қазақстан Республикасының Президентімен не оның уәкілеттік беруі бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысымен келісу бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы бекітеді.

2. Қазақстанның Ұлттық Банкі кезекті қаржы жылына арналған меморандумды жыл сайын әзірлейді, онда Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы жоспарлы кезеңде қол жеткізуді (орындауды) қамтамасыз етуге міндеттенетін түйінді нысаналы индикаторлар қамтылады.

Меморандумға Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы қол қояды және оны Қазақстан Республикасының Президенті не оның уәкілеттік беруі бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы бекітеді.

Қазақстанның Ұлттық Банкі жыл қорытындысы бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 20 ақпанына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне меморандумның орындалуы туралы есепті ұсынады.

Ескерту. 3-1-баппен толықтырылды – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілері

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы заңдарының негізінде және оларды орындау үшін өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағында қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, басқа да жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілер шығарады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік актілері - "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы", "Вестник Национального Банка Республики Казахстан" ресми басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1997.07.11 N 154, 2003.07.10 N 483 (01.01.2004 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

5-бап. Алынып тасталды - ҚР 1997.07.11 N 154 Заңымен.

6-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі – заңды тұлға

Қазақстан Ұлттық Банкі республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы болады және өзінің филиалдарымен, өкілдіктерімен, ведомстволарымен және ұйымдарымен бірге біртұтас құрылымды құрайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының атынан акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің құрылтайшысы болады, ұйымдардың қызметіне, оның ішінде Қазақстан Ұлттық Банкінің өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыруына ықпал ететін және (немесе) қаржы нарығы инфрақұрылымының бір бөлігі болып табылатын ұйымдардың қызметіне қатысады.

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерлерде өз филиалдары мен өкілдіктерін аша алады.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2 Тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты, міндеттері, функциялары мен өкілеттігі

Ескерту. II тарауға өзгерту енгізілді - ҚР 2003.07.10 N 483 (01.01.2004 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты мен міндеттері

Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Негізгі мақсатты іске асыру үшін Қазақстан Ұлттық Банкіне мынадай міндеттер жүктеледі:

1) мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу;

2) төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

3) валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асыру;

4) қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

5) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

6) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

7) ақша-кредит статистикасы, қаржы нарығы статистикасы және сыртқы сектор статистикасы саласында статистикалық қызметті жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес өзге де міндеттер.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1997.07.11 N 154, 1999.07.16 N 436, 2003.07.10 N 483 (01.01.2004 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің функциялары мен өкілеттіктері

Қазақстан Ұлттық Банкі:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақша-кредит саясатын әзірлейді және жүргізеді;

2) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды эмиссиялайды;

3) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының жалғыз эмитенті болып табылады және Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақша айналымын ұйымдастырады;

4) банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдауды, сақтауды және инкассациялауды қамтамасыз етуге қатысады, банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың резервтік мемлекеттік қорларын құрады;

5) қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың үй-жайларды жайластыруға қойылатын талаптарды сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

6) банкаралық ақша аударымдары жүйесін, банкаралық клиринг жүйесін және пайдаланушылар арасында Қазақстан теңгесімен ақша аударымдарын жүргізуді қамтамасыз ететін басқа да төлем жүйелерін реттейді және қадағалауды (оверсайт) жүзеге асырады;

7) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақша төлемдері мен аударымдарын реттеу мақсатында, банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары және кәсіпкерлік қызмет субъектілері банк шоттары бойынша жүзеге асыратын төлемдердің кезектілігін Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімі бойынша белгілейді;

8) Қазақстан Республикасында валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асырады;

9) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

10) шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтерді басқаруды қамтамасыз етеді;

11) бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда бағалы металдардың және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының сынамаларына (үлгілеріне) бақылау сынақтарын жүзеге асырады;

12-1) меншік иелері қаржы ұйымдары, бағалы металдармен және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларымен экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар өзге де тұлғалар болып табылатын, олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының сынамаларын (үлгілерін) сақтауды және сынауды жүзеге асырады;

12-2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (келіп түскен) бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды тасымалдауды, қабылдауды, есепке алуды, сақтауды жүзеге асырады;

13) дербес және (немесе) Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарымен бірлесіп олардың құзыреті шеңберінде жүйелік тәуекелдерді реттеуді жүзеге асырады;

14) осы Заңда және Қазақстан Ұлттық Банкінің құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен және шарттарда қарыздарды, осы Заңда және Қазақстан Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның бірлескен нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен және шарттарда соңғы сатыдағы қарыздарды береді;

15) қаржы ұйымдарының сыртқы борышын реттеуге қатысады;

16) статистикалық әдістемені әзірлейді және қолма-қол ақша айналысы, ақша-кредит статистикасы және қаржы нарығы статистикасы, төлем балансы, сыртқы борыш, халықаралық инвестициялық позиция, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі бастапқы статистикалық деректердің тізбесін, нысандарын, мерзімдері мен оларды ұсыну тәртібін айқындайды;

17) статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізеді, сондай-ақ өз құзыреті шегінде мемлекеттік статистика саласында бақылауды жүзеге асырады;

18) қаржы нарығына шолу жасау, ақша-кредит статистикасы және қаржы нарығы статистикасы, төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі статистикалық ақпаратты қалыптастырады және таратады, төлем балансын болжамдық бағалауды әзірлеуге қатысады;

18-1) валюталық реттеу, ақша-кредит статистикасы мен қаржы нарығы статистикасы, қолма-қол ақша айналысы, төлемдер және төлем жүйелері, қаржылық тұрақтылық, қаржы ұйымдары мен олардың үлестес тұлғаларын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарын, Қазақстан Республикасы

бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдарын, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымды, кредиттік бюроларды және коллекторлық агенттіктерді реттеу, бақылау және қадағалау мәселелері бойынша әкімшілік деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асырады;

19) осы Заңға, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес құзыреті шегінде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдарын және өзге де тұлғаларды реттеуді, сондай-ақ қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдарын және Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасы саласында бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

20) мыналарға:

өз қызметін тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған;

банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға – банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға арналған лицензияны береді (беруден бас тартады), қайта ресімдейді, тоқтата тұрады, одан айырады;

21) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

21-1) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

22) алып тасталды - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-1) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

23) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын ескере отырып, Қазақстан Ұлттық Банкіне арналған бухгалтерлік есеп саясаты мен әдістерін айқындайды;

24) қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының, бухгалтерлік есепті жүргізуді автоматтандыру қағидаларының талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының

валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңнамасының талаптарын сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

24-1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жүргізетін, тексерілетін субъектілердің қызметін құзыреті шегінде тексеруге қатысады;

24-2) қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және төлем ұйымдарының Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар туралы ақпаратты тіркеу, сақтау және беру, клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру, қаржы мониторингіне жататын операцияларды тоқтата тұру және жүргізуден бас тарту, өз қызметі процесінде алынған құжаттарды қорғау бөлігінде сақтауын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ішкі бақылаудың ұйымдастырылуы мен іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады;

25) Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімі бойынша оның мемлекеттік борышына қызмет көрсетуге қатысады және Қазақстан Ұлттық Банкінің мемлекеттік борышына қызмет көрсетеді;

26) Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайтын тізбеге және тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамын белгілейді және жариялайды;

27) мемлекеттік емес сыртқы қарыздар бойынша шарттардың мониторингін жүзеге асырады;

28) сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ ішкі валюта нарығында шетел валютасын пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асырады;

29) банк қызметін, бағалы қағаздар нарығындағы кәсіптік қызметті және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де қызметті тиісті лицензиялар алмай-ақ жүзеге асырады;

30) Қазақстан Ұлттық Банкінің клиенттеріне банктік қызмет көрсетуді жүзеге асырады;

31) Қазақстан Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалатын және ресми баспа басылымдарда жарияланатын сенімгерлікпен басқару туралы шарт негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлікпен басқаруды жүзеге асырады;

32) Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Үкіметімен немесе заңды тұлғалармен жасасатын сенімгерлікпен басқару туралы шарттар негізінде активтерді сенімгерлікпен басқаруды жүзеге асырады. Қазақстан Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасында жасалатын сенімгерлікпен басқару туралы шарттар ресми баспа басылымдарында жарияланады;

32-1) Қазақстанның Ұлттық Банкі мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры арасында жасалатын сенімгерлік басқару туралы шарттың негізінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады;

32-2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтеріне қатысты кастодианның функцияларын жүзеге асырады;

33) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның сұратуы бойынша Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес өзінің ақпараттық жүйелерінен мәліметтер ұсынады;

34) мемлекеттік органдар мен қаржы ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру брокерлерінің филиалдары үшін кадрлар даярлауға және қайта даярлауға қатысады;

35) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша валюталық операцияларды жүзеге асыратын және қаржы ұйымдары болып табылмайтын резиденттерге және бейрезиденттерге, төлем жүйелерінің операторларына, төлем жүйелерінің операциялық орталықтарына, сондай-ақ банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылмайтын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілерге шектеулі ықпал ету шараларын, қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды және өзге де шараларды қолданады;

35-1) көрсетілетін төлем қызметтеріне байланысты қызметті жүзеге асыру мақсатында, қаржы ұйымдары болып табылмайтын төлем ұйымдарына және (немесе) өзге заңды тұлғаларға қатысты ерекше реттеу режимін енгізеді және құзыреті шегінде олардың қызметін реттейді;

36) Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын тәртіппен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады;

37) банктік сәйкестендіру кодтарын береді, жояды және оларды пайдалануды айқындайды, банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын береді және жояды, олардың құрылымын белгілейді, сондай-ақ Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастырады және жүргізеді;

37-1) алып тасталды - ҚР 13.03.2017 № 53-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

38) Қазақстан Ұлттық Банкінің консультативтік-кеңесші органдарын құрады;

38-1) кредиттік тарихтардың дерекқорында қамтылған ақпараттың толықтығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекет қатысатын кредиттік бюроға кредиттік тарих субъектілері туралы ақпарат береді;

38-2) Қазақстан Республикасының халықаралық шарты, құпия ақпарат алмасуды көздейтін шарт негізінде және соларға сәйкес құзыреті шегінде басқа мемлекеттердің орталық банктерімен, бақылау және қадағалау органдарымен, халықаралық және өзге де ұйымдармен ынтымақтастық жасайды және құпиялылықты сақтай отырып, бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны, банктік құпияны, сақтандыру құпиясын немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға қажетті ақпарат алмасуға құқылы.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген өзге де ұйымдар деп банктік сектордың, бағалы қағаздар нарығының және сақтандыру нарығының қызметін реттеудің бірыңғай стандарттарын тұжырымдау мақсатында құрылған, басқа мемлекеттердің орталық банктерінің, бақылау және қадағалау органдарының бірлестіктері түсініледі;

39) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.04.2015 № 311-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 24.11.2015 № 422-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 26.07.2016 № 12-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

13.03.2017 № 53-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 03.07.2019 № 262-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 02.01.2021 № 399-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3 Тарау. Қазақстан Ұлттық Банкінің капиталы және резервтері

9-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің жарғылық капиталы

Қазақстан Ұлттық Банкінің жарғылық капиталы мемлекетке тиесілі болады және бөлінбеген таза кірістен аударымдар жасау жолымен, кемінде 20 миллиард қазақстан теңгесі мөлшерінде қалыптастырылады.

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының атынан өз балансындағы өзіне бекітіліп берілген мүлікті иелену, пайдалану мен билік жүргізу құқығын Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен дербес жүзеге асырады.

Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1997.07.11 N 154, 1998.06.29 N 236, 1999.07.16 N 436, 2003.07.10 N 483 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.07.08 N 69, 2006.07.05 N 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.03.01 N 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің резервтік капиталы, қайта бағалау шоттары және провизиялары (резервтері)

Ескерту. 10-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

Қазақстан Ұлттық Банкінің резервтік капиталы кемінде жарғылық капитал мөлшерінде қалыптастырылады, бөлінбеген таза табыс есебінен толықтырылады және тек қана Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілеген тәртіппен жүргізілетін операциялар бойынша ысырапқа өтемақы төлеуге және залалдарды өтеуге арналады. Алтын-валюта резервтерін және шетел валютасындағы өзге де активтерді қайта бағалау шоты оларды қайта бағалаудан түскен кірісті есепке алуға арналған. Негізгі қаражаттарды қайта бағалау шоты Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі қаражатын индекстеу нәтижелерін есепке алуға арналған.

Кредиттерді, депозиттерді, бағалы қағаздарды, есеп айырысу кезіндегі залалдарды, шоттардағы қалдықтарды және аяқталмаған құрылыс көлемін, Қазақстан Ұлттық Банкінің монетарлық емес қызметі бойынша өзге де талаптарды және әлеуметтік сипаттағы төлемдерді қамтитын басқа да активтерді қоса алғанда, Қазақстан Ұлттық

Банкінің шығыстары есебінен күмәнді және үмітсіз талаптар бойынша провизиялар (резервтер) қалыптастырылады.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің кірісі

Қазақстан Ұлттық Банкінің қаржы жылы ішіндегі таза кірісі осы қаржы жылына жатқызылатын нақты алынған кірістер мен шығыстар арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Алтын-валюта резервтерін және шетел валютасындағы өзге де активтерді қайта бағалау шоттарына жатқызылатын бағамдық қайта бағалау сомасын қоспағанда, Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау сомасына түзетілген таза кірісі Қазақстан Ұлттық Банкінің бөлінбеген таза кірісі болып табылады. Бөлінбеген таза кіріс Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілеген мөлшерде жарғылық және (немесе) резервтік капиталдарды ұлғайтуға жұмсалады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Ұлттық Банкінің жылдық есебін бекіткеннен кейін, бөлінбеген таза кірістің қалған бөлігі мерзімін бір қаржы жылына ұзарта отырып мемлекеттік бюджетке аударылады.

РҚАО-ның ескертпесі!

11-баптың төртінші бөлігінің қолданысы 01.01.2023 дейін тоқтатыла тұрып, тоқтатыла тұру кезеңінде мына редакцияда қолданылады - ҚР 02.07.2018 № 168-VI Заңдарымен.

Егер резервтік капиталдың мөлшері жарғылық капитал сомасынан аз болса, онда бөлінбеген бүкіл таза кіріс Қазақстан Ұлттық Банкінің билік етуінде қалады және резервтік капитал жарғылық капиталдың мөлшеріне жеткенге дейін оны толықтыруға бағытталады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1996.01.27. N 2830 заң күші бар Жарлығымен, ҚР 1997.07.11. N 154, 1999.07.16. N 436, 2001.03.02. N 162, 2003.07.10 N 483 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.07.08. N 69, 2009.07.11. N 185-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4 Тарау. Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымы мен органдары.
Оларды қалыптастыру тәртібі және құзыреті

12-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымы мен органдары

Қазақстан Ұлттық Банкі - тіке бағыныстағы схемасы бар біртұтас орталықтандырылған құрылым.

Қазақстан Ұлттық Банкінің органдары Басқарма, Ақша-кредит саясаты комитеті және Директорлар кеңесі болып табылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымына департаменттерден және басқа да бөлімшелерден тұратын орталық аппарат, филиалдар, өкілдіктер, ведомстволар мен ұйымдар кіреді.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1996.01.27. N 2830 заң күші бар Жарлығымен, Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154, 1999.07.16. N 436, 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасын Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті 6 жыл мерзімге тағайындайды.

Төраға Қазақстан Ұлттық Банкі атынан іс-әрекет етеді және мемлекеттік органдармен, банктермен, қаржы ұйымдарымен, халықаралық, шетелдік және басқа ұйымдармен қарым-қатынаста Қазақстан Ұлттық Банкін сенімхатсыз-ақ білдіреді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасына Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметіне байланысты мәселелер бойынша, осы Заңда Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасына арналып ескерілген өкілеттіктерді қоспағанда, жедел және атқарушы-өкімші шешімдер қабылдау, Қазақстан Ұлттық Банкінің атынан шарттар жасасу өкілеттігі берілген.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметі үшін жауапты.

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.01.27. N 2830 заң күші бар Жарлығымен , 1995.12.05. N 2672 заң күші бар Жарлығымен, Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 , 2009.04.29. N 154-IV Заңдарымен.

14-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарлары

Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарларын Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының тағайындалу мерзіміне қарамай, 6 жыл мерзімге тағайындайды.

Төраға ның орынбасарлары Қазақстан Ұлттық Банкін сенімхатсыз-ақ білдіреді, өз құзырының шегінде құжаттарға қол қояды.

15-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы және оның өкілеттіктері

Қазақстан Ұлттық Банкінің жоғары органы Басқарма болып табылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы:

1) банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын міндеттемелерінің құрылымы айқындалатын, ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларды, ең төмен резервтік талаптарды есептеу, ең төмен резервтік талаптарды орындау, ең төмен резервтік талаптарды резервтеу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін;

2) Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайтын тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарға ресми бағамын белгілеу қағидаларын;

3) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстан алынатын және алынған банкноттары мен монеталарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының тозған және бүлінген банкноттары мен монеталарын айырбастау қағидаларын;

4) Қазақстан Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидаларын;

5) Қазақстан Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларын;

6) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау қағидаларын;

7) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

8) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының айналыстағы ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде, оларды ауыстыру қағидаларын;

9) қолма-қол ақша белгілерін ақша айналысынан алып қою қағидаларын;

10) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидаларын;

10-1) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп, кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақша алу сомаларының шекті мөлшерлерін, сондай-ақ банктік шоттардан қолма-қол ақша алу жөніндегі талап қолданылмайтын кәсіпкерлік субъектілерін;

10-2) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақша алу қағидаларын бекітеді, оларда, оның ішінде кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақшаны белгіленген шекті мөлшерлерден асырып алу шарттары айқындалады, сондай-ақ нысандарын, тізбесі мен ұсынылу мерзімдерін қоса алғанда, кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақшаны белгіленген шекті мөлшерлерден асырып алуы туралы мәліметтер мен ақпаратты салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға ұсыну тәртібін;

11) тиісті уәкілетті органдармен келісу бойынша екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек ғана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларын;

12) банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар жүзеге асыратын банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қайта санау, сұрыптау, орау, сақтау, сондай-ақ оларды екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарына және екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының тапсырмасы бойынша олардың клиенттеріне беру жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды;

13) банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға лицензия беру қағидаларын;

14) Қазақстан Республикасында автомобильмен инкассаторлық тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты;

15) Қазақстан Ұлттық Банкінде жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған шетел валютасымен операцияларды жүзеге асыру қағидаларын;

16) банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын;

17) банкаралық клиринг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын;

18) операторы Қазақстанның Ұлттық Банкі не оның еншілес ұйымы болып табылатын төлем жүйелерінің жұмыс істеу қағидаларын;

19) төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын;

20) төлем жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарды;

21) алып тасталды - ҚР 26.07.2016 № 12-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

22) алып тасталды - ҚР 26.07.2016 № 12-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

23) алып тасталды - ҚР 26.07.2016 № 12-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

24) Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану қағидаларын;

25) Қазақстан Республикасы банктерінің құжаттық аккредитивтерімен операциялар жүргізуі қағидаларын;

26) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының вексельдерді есепке алуы қағидаларын;

27) екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың аударым және жай вексельдермен операциялар жүргізуі қағидаларын;

28) төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілетін операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды;

29) Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын;

30) алып тасталды - ҚР 26.07.2016 № 12-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

31) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

32) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

33) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

34) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

35) алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

36) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

37) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

38) Қазақстан Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясатын іске асыру шеңберінде аукциондар өткізу қағидаларын;

39) Қазақстан Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерінің бір бөлігін сыртқы басқаруға беру қағидаларын;

40) алып тасталды - ҚР 26.07.2016 № 12-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

41) алып тасталды - ҚР 26.07.2016 № 12-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

42) Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидаларын, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды;

43) Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе аумағына әкелінетін вексель қағазының қорғаныш дәрежелеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ вексель қағазына қойылатын техникалық талаптарды;

44) клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларын;

45) алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

46) алып тасталды - ҚР 26.07.2016 № 12-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

47) экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын;

48) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Ұлттық Банкі беретін соңғы сатыдағы қарыздар туралы қағидаларды;

49) Қазақстан Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларын;

50) банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасындағы корреспонденттік қатынастарды белгілеу қағидаларын;

51) банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары бойынша төлемдер мен ақша аударымдары лимитінің мөлшерін;

52) банктік шоттың бар екендігі және нөмірі туралы анықтаманы және банктік шот бойынша ақша қалдығы мен қозғалысы туралы үзінді көшірмені ресімдеуге және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды;

52-1) төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын;

52-2) жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесі операторының немесе операциялық орталығының төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша мәліметтер беру қағидаларын;

52-3) Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын;

52-4) банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларын;

52-5) көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидаларын;

52-6) көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілердің тізілімін жүргізу қағидаларын;

52-7) төлем жүйелерінің тізілімін жүргізу қағидаларын;

52-8) маңызды төлем жүйелері өлшемшарттарының көрсеткіштерін;

52-9) көрсетілетін төлем қызметтерін берушіні көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілерге жатқызатын көрсеткіштерді;

53) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша қаржы ұйымдарын жүйелік маңызы бар ұйымдар қатарына жатқызу қағидаларын;

54) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

55) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

56) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

57) алып тасталды - ҚР 02.07.2018 № 168-VI (01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

57-1) Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын;

58) Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын;

59) Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын;

59-1) Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидаларын;

60) Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын;

61) шетелдік қаржылық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асыратын филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат ұсыну қағидаларын;

62) банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының металл шоттарды ашуы, жүргізуі және жабуы қағидаларын;

63) барлық қаржы ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру брокерлерінің филиалдары Қазақстанның Даму Банкі орындауға міндетті бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерді, оның ішінде бухгалтерлік есеп шоттарының типтік жоспарларын, бухгалтерлік есеп жүргізу жөніндегі нұсқаулықтарды, бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидаларын және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларын;

64) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарымен реттелмеген мәселелер бойынша қаржылық есептілік стандарттарын, сондай-ақ оларға әдістемелік ұсынымдарды;

65) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша, нысандарын, тізбесін, кезеңділігін және ұсыну мерзімдерін қоса алғанда, ұсыну тәртібі айқындалатын, қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну және Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша есептілікті ұсыну қағидаларын;

65-1) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

65-2) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша қаржы ұйымдары және олардың ірі қатысушылары, банктік холдингтер, банк конгломераттары, сақтандыру холдингтері, сақтандыру тобы, "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым, кредиттік бюро және коллекторлық агенттіктер есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен тәртібін;

66) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

67) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

68) салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары,

Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қолданатын компьютерлік жүйелердің бақылау чегінің нысанын және мазмұнын;

68-1) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

69) валюталық реттеу, қолма-қол ақша айналысы, төлемдер және төлем жүйелері, қаржылық тұрақтылық, қаржы ұйымдарын және олардың үлестес тұлғаларын, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымды, кредиттік бюроларды және коллекторлық агенттіктерді, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдарын реттеу, бақылау және қадағалау, ақша-кредит статистикасы мен қаржы нарығы статистикасын қалыптастыру мәселелері бойынша әкімшілік деректерді жинау жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерді, оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Даму Банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулықты;

69-1) Қазақстан Ұлттық Банкінің ерекше реттеу режимін енгізуі және оның күшін жоюы, қаржы ұйымдары болып табылмайтын төлем ұйымдарының және (немесе) өзге заңды тұлғалардың ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыруы қағидаларын;

69-2) ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасу үшін Қазақстан Ұлттық Банкінің құжаттарды іріктеуі өлшемшарттарын және оларды қарау тәртібін;

70) бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынылатын, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару нәтижелері туралы есепті;

71) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін айырбастау немесе қайта айырбастау қағидаларын;

72) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау қағидаларын;

73) бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтын сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асыру қағидаларын;

74) Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын;

75) Қазақстан Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстанның Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын;

76) ішкі аудит бөлімшесі туралы ережені, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінде ішкі аудитті ұйымдастыру және жүргізу тәртібін;

77) Қазақстан Ұлттық Банкінің банктік идентификациялау кодтарын беру, пайдалану және жою, сондай-ақ банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және жою, олардың құрылымы және Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулықты;

78) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

79) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы негізінде қызметін жүзеге асыратын инвестициялық портфельді басқарушыларға қойылатын талаптарды қоса алғанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті іс-қимылдар жасау өздеріне тапсырылған кезде, оларды таңдау қағидаларын;

80) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаратын шетелдік ұйымдарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті іс-қимылдар жасау өздеріне тапсырылған кезде, оларды таңдау қағидаларын;

81) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

82) Қазақстан Ұлттық Банкінің регламентін;

83) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

84) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

85) банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақпараттық жүйелерінің қауіпсіз және іркіліссіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптарды;

86) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

86-1) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

86-2) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

86-3) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

87) алып тасталды - ҚР 13.03.2017 № 53-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

88) осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес Қазақстан Ұлттық Банкінің өзге де нормативтік-құқықтық актілерін бекітеді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы:

1) мемлекеттік ақша-кредит саясатын мақұлдайды;

2) алып тасталды – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

2-1) инфляция бойынша орта мерзімді перспективаға арналған нысаналы бағдарларды белгілейді;

3) ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін белгілейді;

4) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын дайындау, айналысқа шығару, айналыстан алып қою, оның ішінде басқа елдердің тапсырыстары бойынша дайындау, айналысқа шығару, айналыстан алып қою, Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының дизайны немесе нысаны өзгерген кезде, оларды ауыстыру туралы шешімдер қабылдайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының тозған және бүлінген банкноттары мен монеталарын айырбастау тәртібін белгілейді;

4-1) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының дизайны (нысаны) өзгерген кезде олардың қатар айналыста болу кезеңін белгілейді;

5) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен тұжырымдама негізінде банкноттар мен монеталардың номиналдық құнын және дизайнын айқындайды;

6) коллекциялық және инвестициялық монеталарды шығару тақырыбын, дайындау тиражын, қорытпасын, шығарылатын мерзімдері мен күнін айқындайды;

7) айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша теңгеге шетел валютасын сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілейді;

8) қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін жарғылық капиталды қалыптастыру мөлшерін және тәртібін белгілейді;

9) шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтерді, олардың құрылымын қоса алғанда, басқарудың негізгі қағидаттарын айқындайды;

10) монетарлық қызметке жататын қызметті айқындайды;

11) Қазақстан Ұлттық Банкі қызмет көрсететін заңды тұлғалардың санаттарын айқындайды;

12) Қазақстан Ұлттық Банкінің жұмысы туралы жылдық есепті қарайды, қабылдайды және Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге ұсынады;

13) Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымын, жалпы штат санын және Қазақстан Ұлттық Банкі туралы ережені, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды қарайды, мақұлдайды және Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге ұсынады;

13-1) Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін бекітеді;

14) Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджетін (шығыстар сметасын) бекітеді;

15) Қазақстан Ұлттық Банкінің жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін қарайды және бекітеді;

16) Қазақстан Ұлттық Банкінің, оның ведомстволары мен ұйымдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттарын және Қазақстан Ұлттық Банкі мен оның ведомстволарының қызметкерлерін әлеуметтік-тұрмыстық жағынан қамсыздандыру шарттарын бекітеді;

17) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлікпен басқару бойынша шешімдерді жедел қабылдау өкілеттігіне кіретін, Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарынан төмен емес деңгейдегі лауазымды адамды (өкілетті өкіл) айқындайды;

17-1) Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитетінің құрамына енгізу үшін Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметшілері болып табылмайтын адамдарға қойылатын талаптарды бекітеді;

18) төлем жүйелерінің операторларына, төлем жүйелерінің операциялық орталықтарына, банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылмайтын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілерге шектеулі ықпал ету шараларын, қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану тәртібін айқындайды;

19) осы Заңда және Қазақстан Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның бірлескен нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен және шарттарда соңғы сатыдағы қарыздарды беру туралы мәселені қарайды;

19-1) дербес өзі не қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғауға бағытталған бағдарламаларды бекітеді;

20) ұйымдарды құру, оның ішінде Қазақстан Ұлттық Банкінің өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыруына ықпал ететін және (немесе) қаржы нарығы инфрақұрылымының бір бөлігі болып табылатын ұйымдарды құру және олардың қызметіне қатысу туралы шешімдер қабылдайды;

21) осы Заңға сәйкес Қазақстан Ұлттық Банкінің халықаралық және өзге де ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдайды;

21-1) құзыреті шегінде ерекше реттеу режимін енгізу туралы шешім қабылдайды;

21-2) құзыреті шегінде ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы үлгілік шартты бекітеді;

21-3) құзыреті шегінде ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шартты қарайды және мақұлдайды;

22) Қазақстан Ұлттық Банкінің консультативтік-кеңесші органдарын құру туралы шешім қабылдайды;

23) аудиторлық тексерулердің орта мерзімді жоспарын және ішкі аудит бөлімшесінің жылдық есебін бекітеді;

23-1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін есепке алу мен сақтау үшін Қазақстан Ұлттық Банкінің шоттары ашылатын шетелдік кастодиандарды айқындайды;

23-2) Қазақстан Ұлттық Банкінің клиенттер активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруы тәртібін айқындайды;

23-3) Қазақстан Ұлттық Банкінің брокерлік қызметті жүзеге асыруы тәртібін айқындайды;

23-4) Қазақстан Ұлттық Банкінің дилерлік қызметті жүзеге асыруы тәртібін айқындайды;

23-5) Қазақстан Ұлттық Банкінің туынды қаржы құралдарымен операциялар жүргізуі тәртібін айқындайды;

23-6) Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен операциялар жүргізуі тәртібін айқындайды;

23-7) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясын бекітеді;

23-8) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі операцияларды есепке алу бойынша есепке алу саясатын бекітеді;

24) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды және өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.11.26 N 57-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.03.2016 № 479 -V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.07.2016 № 12-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.03.2017 № 53-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.05.2017 № 63-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 03.07.2019 № 262-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 03.07.2020 № 359-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

16-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының құрамы

Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы 9 адамнан тұрады.

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының құрамына Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы және Қазақстан Ұлттық Банкінің төрт лауазымды адамы, Қазақстан Республикасының Президентінен бір өкіл, Қазақстан Республикасының Үкіметінен екі өкіл және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органнан бір өкіл кіреді.

Қазақстан Республикасы Президентінен, Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Ұлттық Банкінен және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органнан Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының мүшелерін тиісінше Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Төрағасы тағайындайды және босатады.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.12.05. N 2672 заң күші бар Жарлығымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 1997.07.11. N 154, 2006.07.05. N 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының мәжілістері

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының мәжілістері қажет болуына қарай, Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

Басқарманың жоспардан тыс мәжілістері Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының немесе Басқарманың үш мүшесінің талап етуі бойынша өткізіледі.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқарма мүшелері Басқарма мәжілісінің тағайындалғаны туралы уақтылы хабардар етіледі.

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының мәжілісін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы, ал ол болмаған кезде-оның міндетін атқарушы адам жүргізеді.

Басқарма мүшелерінің кемінде үштен екісі қатынасқан жағдайда Басқарма шешім қабылдауға құқылы, олардың ішінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы немесе оның орнында қалған адам болуға тиіс.

Басқарманың шешімі Басқарма мүшелерінің жай көпшілік даусы мен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының даусы шешуші болып табылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы қайтара талқылау және дауыс беру үшін өзі білдірген қарсылығын қосып, Басқарма шешімін бір апта мерзімнен кешіктірмей қайтаруға құқылы. Егер Басқарма бұрын қабылданған шешімді өз мүшелерінің жалпы санының үштен екі даусымен қуаттаса, Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы шешімге қол қояды.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1997.07.11. N 154 Заңымен , 1999.07.16. N 436 Заңымен; 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Қызметтен кету және босату

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы қызметінен кетерінен екі ай бұрын Қазақстан Республикасының Президентіне өзінің жазбаша өтінішін беріп, қызметінен кетуге құқылы.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен босатады.

Төрағаның орынбасарларын Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен босатады.

Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарлары қызметінен кетерінен екі ай бұрын Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы арқылы Қазақстан Республикасының Президентіне өзінің жазбаша өтінішін беріп, орнынан түсе алады.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.05 N 2672 заң күші бар Жарлығымен.

18-1-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті және оның өкілеттіктері

1. Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті ақша-кредит саясаты мәселелері бойынша шешімдер қабылдайтын орган болып табылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті:

1) базалық мөлшерлемені белгілейді;

2) ақша-кредит саясатының негізгі операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілейді;

3) Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының айрықша құзыретіне жатпайтын ақша-кредит саясатының өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

2. Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитетінің құрамына Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы, оның ақша-кредит саясаты, монетарлық операциялар, қаржылық тұрақтылық мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарлары, Қазақстан Ұлттық Банкінің өз функцияларына ақша-кредит саясаты, монетарлық операциялар, қаржылық тұрақтылық мәселелері кіретін құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының шешімі бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінің өзге де бөлімшелерінің басшылары кіреді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитетінің құрамына Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметшілері болып табылмайтын, Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы бекітетін талаптарға сәйкес келетін адамдар енгізілуі мүмкін.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитетінің құрамы мен жұмыс регламентін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы бекітеді.

3. Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитетінің отырыстарында Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы төрағалық етеді.

4. Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша қаулылар қабылдайды.

Ескерту. 18-1-баппен толықтырылды – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі Директорларының кеңесі және оның өкілеттігі

Қазақстан Ұлттық Банкінің оралымды басқару органы Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі болып табылады.

Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы, оның орынбасарлары, Қазақстан Ұлттық Банкі құрылымдық бөлімшелерінің және

ведомстволарының басшылары кіреді. Қазақстан Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің құрамын Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы бекітеді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің төрағасы Директорлар кеңесінің мәжілістеріне Төрағалық етеді. Оның тапсырмасы бойынша Директорлар кеңесінің мәжілісін Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары жүргізе алады.

Осы Заңға сәйкес Директорлар кеңесі Қазақстан Ұлттық Банкінің қарауындағы мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды, бұған Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы мен Төрағасының құзырына енетін мәселелер ғана қосылмайды (немесе оның орынбасарларының).

Директорлар кеңесі өз құзырына енетін мәселелер бойынша қаулылар қабылдайды.

Директорлар кеңесі Қазақстан Ұлттық Банкінің бухгалтерлік есебін жүргізу мен жекелеген және шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.05. N 2672 заң күші бар Жарлығымен, ҚР 1997.07.11. N 154 Заңымен, 1999.07.16. N 436 Заңымен , 2001.03.02. N 162 Заңымен, 2003.07.10 N 483 (01.01.2004 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

20-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің филиалдары, өкілдіктері, ведомстволары мен ұйымдары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан Ұлттық Банкінің филиалдары, өкілдіктері мен ведомстволары өз қызметін Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің ұйымдары заңды тұлға болып табылады, осы Заңмен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, заң актілеріне сәйкес құрылады және өз қызметін тоқтатады.

Қазақстан Ұлттық Банкі өз ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды, олардың құрылтайшысы және аталған ұйымдардың, қызметін реттеу және құқықтық мәртебесін өзгерту туралы шешім қабылдау жөніндегі өкілеттікті қоса алғанда оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің қызметін жүзеге асырушы мемлекеттік орган болып табылады.

Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 1996.01.27. N 2830 заң күші бар Жарлығымен, ҚР 1997.07.11 N 154, 2011.03.01 N 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-1-тарау. ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ ВЕДОМСТВОЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

Ескерту. Заң 4-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-1-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері лауазымдарының құрамы және олардың еңбегін реттеу

Қазақстан Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында қызмет атқарып жүрген, еңбекақысы Қазақстан Ұлттық Банкі бюджетінің қаражатынан (шығыстар сметасынан) төленетін, мемлекеттік әкімшілік және азаматтық қызметшілерге жатпайтын адамдар Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері болып табылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері лауазымдарының құрамына:

1) мемлекеттік саяси қызметшілердің;

2) Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомстволары қызметшілерінің;

3) Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының техникалық қызметшілерінің лауазымдары кіреді.

Қазақстан Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын, мемлекеттік қызметшілерге жатпайтын адамдар Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері болып табылады.

Лауазымдық өкілеттіктер деп қызметшілердің Қазақстан Ұлттық Банкіндегі және оның ведомстволарындағы нақты мемлекеттік лауазымымен көзделген, Қазақстан Ұлттық Банкінің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге сай келетін құқықтар мен міндеттер түсініледі.

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері лауазымдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Қазақстан Ұлттық Банкіне және оның ведомстволарына қызмет көрсету және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша еңбек міндеттерін орындайтын, азаматтық қызметшілерге жатпайтын адамдар Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының техникалық қызметшілері болып табылады.

Техникалық қызметшілер лауазымдарының тізбесін Қазақстан Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі бекітеді.

Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомстволары қызметкерлерінің еңбегі осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінің актілерінде белгіленген ерекшеліктермен қоса Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттеледі.

Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомстволары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасы бекітетін Қазақстан Ұлттық Банкі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі негізінде белгіленеді.

Ескерту. 20-1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-2-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілерін қызметке тағайындау шарттары

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшісі лауазымына орналасуға үміткер адамдардың Қазақстан Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында тиісті лауазымға орналасу үшін қажетті білімі, кәсіби даярлығының деңгейі болуға тиіс.

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшісі лауазымына орналасу міндетті арнайы тексеруден өткеннен кейін жүзеге асырылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшісі лауазымына:

1) заңда белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

2) Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшісі лауазымына тағайындалар алдында үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған;

3) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жұмыстан босатылған;

5) Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшісі лауазымына орналасатын уақытта заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

6) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының сақталу нысанасына арнайы тексеруден өтпеген адамды тағайындауға болмайды.

Ескерту. 20-2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-3-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілерімен еңбек шартын тоқтату

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілерімен еңбек шартын тоқтату мынадай негіздер:

1) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген;

2) Қазақстан Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында олардың болу мерзімін жыл сайын ұзарту құқығымен, Қазақстан Республикасының заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толу;

3) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының сақталу нысанасына арнайы тексерудің теріс нәтижелері;

4) кірістері мен мүлкі туралы көрінеу жалған мәліметтерді ұсыну;

5) осы Заңда және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттер мен шектеулерді сақтамау;

6) инвестициялық қорлардың тиесілі пайларын, облигацияларды және коммерциялық ұйымдардың акцияларын сенімгерлікпен басқаруға бермеу;

7) Қазақстан Ұлттық Банкіне және оның ведомстволарына жұмысқа кіру кезінде жұмысқа қабылдаудан бас тарту үшін негіз болуы мүмкін көрінеу жалған құжаттар мен мәліметтерді ұсыну;

8) аттестаттаудың теріс нәтижелері;

8-1) Қазақстан Ұлттық Банкінің функцияларын, өкілеттіктерін және (немесе) штат бірліктерін, оның ішінде оны жою (тарату) немесе қайта ұйымдастыру кезінде басқа мемлекеттік органға беруге байланысты басқа мемлекеттік органға ауыстыру;

8-2) Қазақстан Ұлттық Банкінің функциялары, өкілеттіктері және (немесе) штат бірліктері, оның ішінде оны жою (тарату) немесе қайта ұйымдастыру кезінде берілген басқа мемлекеттік органға ауысудан бас тарту;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер бойынша жүргізіледі.

Қазақстан Ұлттық Банкінің функциялары, өкілеттіктері және (немесе) штат бірліктері, оның ішінде оны жою (тарату) немесе қайта ұйымдастыру кезінде берілген мемлекеттік орган Қазақстан Ұлттық Банкінің берілген функцияларды, өкілеттіктерді орындап жүрген және (немесе) сол штат бірліктерін атқарып жүрген қызметшілеріне олардың біліктілігіне сәйкес лауазымдарды ұсынады. Тең дәрежелі лауазым болмаған жағдайда, Қазақстан Ұлттық Банкі қызметшісінің келісуімен оған мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген төмен тұрған лауазым ұсынылуы мүмкін.

Қазақстан Ұлттық Банкі жұмыскерлерінің санын немесе штатын қысқарту негізінде еңбек шартын бұзу кезінде Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқартылатын лауазымды атқарып жүрген қызметшісіне кемінде үш жыл жұмыс өтілі болған кезде төрт орташа айлық жалақысы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысы төленеді.

Ескерту. 20-3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 18.11.2015 № 411-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-4-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомстволары қызметшілерінің құқықтары мен міндеттері

1. Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомстволары қызметшілерінің:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясында және Еңбек кодексінде Қазақстан Республикасының азаматтарына кепілдік берілетін құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға;

2) өз өкілеттіктері шегінде мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға қатысуға, тиісті органдар мен лауазымды адамдардың оларды орындауын талап етуге;

3) белгіленген тәртіппен лауазымдық міндеттерді атқару үшін қажетті ақпарат пен материалдар алуға;

4) лауазымдық міндеттерді атқару үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ұйымдарға, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдарына, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру брокерлерінің филиалдарына баруға;

5) басшыдан Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомстволары қызметшілерінің атқаратын лауазымына сәйкес лауазымдық өкілеттік міндеттері мен көлемін дәл айқындауды талап етуге;

6) жеке басының қадір-қасиетінің құрметтелуіне, басшылардың, өзге де жеке тұлғалар мен лауазымды адамдардың өзіне әділ әрі құрметпен қарауына;

7) Қазақстан Ұлттық Банкі бюджетінің қаражаты (шығыстар сметасы) есебінен оқытуға және біліктілігін арттыруға;

8) өздерінің лауазымдық өкілеттіктеріне қатысты материалдармен кедергісіз танысуға, қажет болған кезде жеке түсініктемелер беруге;

9) біліктілігі, қабілеті, өзінің лауазымдық өкілеттіктерін адал орындауы ескеріле отырып, лауазымы бойынша жоғарылауға;

10) қызметшінің пікірінше негізсіз айып тағылған жағдайда қызметтік тексеру жүргізілуін талап етуге;

11) педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметпен айналысуға құқығы бар.

2. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға;

2) Қазақстан Ұлттық Банкі айқындаған тәртіппен ант беруге;

3) жеке және заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру брокерлерінің филиалдары құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде аталған тұлғалардың өтініштерін қарауға, олар бойынша қажетті шаралар қолдануға;

4) өздеріне берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өкілеттіктерін жүзеге асыруға;

5) басшылардың бұйрықтары мен өкімдерін, жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдардың өз өкілеттіктері шегінде шығарған шешімдері мен нұсқауларын орындауға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, лауазымдық міндеттерін атқару кезінде алатын, жеке тұлғалардың жеке өмірін, ар-намысын және қадір-қасиетін қозғайтын мәліметтерді құпия сақтауға және олардан осындай ақпарат беруді талап етпеуге;

7) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге;

8) өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы басшылықтың немесе құқық қорғау органдарының назарына дереу жеткізуге;

9) лауазымдық өкілеттіктерін тиімді орындау үшін өзінің кәсіби деңгейін және біліктілігін арттыруға;

10) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, автоматтандырылған ақпараттық кіші жүйелермен жұмыс істеген кезде (оларға қолжетімділік болғанда) алынған ақпаратты қоса алғанда, өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін атқару кезінде кез келген жеткізгіш түрінде, қабылдау үшін кез келген қолжетімді нысанда алынған қызметтік, коммерциялық, банктік құпияны, сақтандыру, зейнетақы жинақтары құпиясын және заңмен қорғалатын өзге де құпияны, сондай-ақ басқа да ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеуге;

11) Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомствосының қызметшісі лауазымына орналасқан күннен бастап бір ай мерзімде инвестициялық қорлардың тиесілі пайларын, облигацияларды және коммерциялық ұйымдардың акцияларын сенімгерлікпен басқаруға беруге және сенімгерлікпен басқару жөніндегі шарттың нотариат куәландырған көшірмесін Қазақстан Ұлттық Банкінің кадр қызметіне табыс етуге міндетті.

3. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері инвестициялық қорлардың пайларын, коммерциялық ұйымдардың облигацияларын, акцияларын сатып алуға құқылы емес.

4. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері өздерінің лауазымдық өкілеттіктеріне қарай Қазақстан Ұлттық Банкінің құзыретіне

кіретін мәселелер бойынша тексерілетін субъектілердің қызметіне тексерулерді жүзеге асырған жағдайда, лауазымдық өкілеттіктерін нақты және бейтарап орындауына кедергі келтіруі мүмкін барлық мән-жай туралы, оның ішінде:

1) тексерілетін субъектілердің басшы қызметкерлері болып табылатын жақын туыстары (жекжаттары), жұбайлары;

2) тексерілетін субъектілерде жұмыс істейтін жақын туыстары немесе жұбайлары;

3) тексерілетін субъектілерден алған қарыздары және тексерілетін субъектілер алдындағы өзге де мүліктік міндеттемелері туралы жоғары тұрған басшылыққа дереу хабарлауға міндетті.

Ескерту. 20-4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 26.07.2016 № 12-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.05.2017 № 63-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 166-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-5-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомстволары қызметкерлерінің жауапкершілігі

1. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері мен техникалық қызметшілері өздеріне жүктелген міндеттер мен еңбек тәртібін орындамағаны және тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жауаптылықта болады.

2. Алып тасталды - ҚР 18.11.2015 № 411-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Тәртіптік жазаны:

1) Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының тәртіптік жауаптылыққа тартылатын қызметшісін қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға құқығы бар лауазымды адам қолданады;

2) нақ сол теріс қылық үшін қайтадан қолдануға болмайды;

3) Қазақстан Ұлттық Банкінің актісінде айқындалатын тәртіппен қолданылады.

4. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының тәртіптік теріс қылыққа жол берген қызметшілерін оларды қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға құқығы бар лауазымды адам белгіленген тәртіппен жауаптылығы туралы мәселе шешілгенге дейін лауазымдық міндеттерін атқарудан уақытша шеттетуі мүмкін.

5. Алып тасталды - ҚР 18.11.2015 № 411-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

6. Алып тасталды - ҚР 18.11.2015 № 411-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа

енгізіледі).

7. Алып тасталды - ҚР 18.11.2015 № 411-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

8. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері мен техникалық қызметшілері тәртіптік жауаптылыққа тартуға байланысты барлық материалдармен міндетті түрде таныстырылуға тиіс, оларға қызметтік тексеру рәсіміне жеке өзінің қатысу құқығы беріледі.

9. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының жауапқа тартылатын қызметшілері мен техникалық қызметшілері Қазақстан Ұлттық Банкінің әрекеттері мен шешімдеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

Бұл ретте Қазақстан Ұлттық Банкінің көрсетілген әрекеттері мен шешімдеріне шағым жасау олардың орындалуын тоқтата тұрмайды.

10. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері мен техникалық қызметшілері қылмыстық және өзге де құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерде және тәртіппен тиісінше қылмыстық, әкімшілік, материалдық жауаптылықта болады.

11. Қазақстанның Ұлттық Банкі бұрынғы жұмыскерлері мен Басқарма мүшелерін қоса алғанда, өз жұмыскерлерінің, Басқарма мүшелері мен өзі тартқан тұлғалардың Қазақстанның Ұлттық Банкіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру мақсатындағы, оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының уақытша әкімшіліктері және тарату комиссиялары мүшелерінің міндеттерін атқаруы кезеңіндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдер қабылдауына байланысты оларға қарсы талап қоюлар берілген жағдайда, оларды құқықтық қорғауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 20-5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.11.2015 № 411-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-6-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомстволары жұмыскерлерінің демалысы

1. Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасына, оның орынбасарларына, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкі мен оның ведомстволарының өзге де қызметкерлеріне ұзақтығы күнтізбелік отыз күн болатын жыл сайынғы ақысы төленетін еңбек демалысы беріледі.

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының жұмыскерлеріне алғашқы және одан кейінгі жылдардағы жұмысы үшін жыл сайынғы ақы төленетін

еңбек демалысы тараптардың келісімі бойынша жұмыс жылының кез келген уақытында беріледі.

2. Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомстволары жұмыскерлерінің қалауы бойынша жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалыстары оларға бөліп-бөліп берілуі мүмкін. Бұл ретте жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының бір бөлігі демалыс ұзақтығының күнтізбелік екі аптасынан кем болмауға тиіс.

3. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының жұмыскерлеріне Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен, оның ішінде олар жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқыған жағдайда жалақысы сақталмайтын демалыс берілуі мүмкін.

Ескерту. 4-1-тарау 20-6-баппен толықтырылды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-7-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі және оның ведомстволары жұмыскерлерінің іссапарлар кезіндегі кепілдіктері мен өтемақылары

1. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының жұмыскерлеріне қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге іссапарға баруға арналған шығыстар Қазақстан Ұлттық Банкі айқындайтын тәртіппен өтеледі.

2. Қазақстан Ұлттық Банкінің және ведомстволарының іссапарға жіберілген жұмыскерлерінің бүкіл іссапар уақыты ішінде жұмыс орны (лауазымы) мен орташа жалақысы сақталады.

Ескерту. 4-1-тарау 20-7-баппен толықтырылды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

20-8-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметкерлерін іссапарға жіберу

1. Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметкерлері Қазақстан Ұлттық Банкінің алдына қойылған міндеттерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет туралы заңнамасында реттелетін тәртіппен Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне, халықаралық ұйымдарға және (немесе) олардың өкілдіктеріне және өзге де ұйымдарға іссапарға жіберілуі мүмкін.

2. Қазақстан Ұлттық Банкінің іссапарға жіберілген қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджет қаражаты (шығыстар сметасы) есебінен жүзеге асырылады және Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайтын тәртіппен және шарттарда айқындалады.

3. Қазақстан Ұлттық Банкінің іссапарға жіберілген қызметкерлерін және олармен бірге жүретін отбасы мүшелерін (жұбайын (зайыбын), кәмелетке толмаған балаларын, кәмелетке толмаған асырап алған балаларын, сондай-ақ кәмелетке толған, еңбекке жарамсыз балаларын және (немесе) ата-аналарын) әлеуметтік және медициналық

қамтамасыз ету, кепілдіктер беру шарттары, өтемақылар мен өзге де төлемдерді төлеу, оның ішінде залалды өтеу шарттары Қазақстан Ұлттық Банкінің тиісті актісінде айқындалады.

Ескерту. 4-1-тарау 20-8-баппен толықтырылды – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5 Тарау. Қазақстан Ұлттық Банкінің Мемлекеттік өкімет органдарымен өзара іс-қимылы

21-бап. Өзара іс-қимылдың негізгі принциптері

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде берілген өкілеттік шегінде өз қызметін ешкімге тәуелсіз атқарады. Өкілді және атқарушы өкімет органдарының Қазақстан Ұлттық Банкі оның филиалдары, өкілдіктері, ведомстволары мен ұйымдарының заңда бекітілген өкілеттігін жүзеге асыру жөніндегі қызметіне араласуға құқы жоқ.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 1995.12.05. N 2672 заң күші бар Жарлығымен, ҚР 1997.07.11. N 154, 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-бап. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Ұлттық Банкі

Қазақстан Ұлттық Банкі өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметімен үйлестіріп отырады. Қазақстан Ұлттық Банкі мен Үкімет жалпымемлекеттік маңызы бар болжалды іс-қимыл мен қол жеткен нәтижелер жөнінде бір-бірін хабардар етіп отыруға және ұдайы консультациялар алысып отыруға міндетті.

Қазақстан Ұлттық Банкі өз жұмысында Үкіметтің экономикалық саясатын ескеріп отырады және оны егер мұның өзі оның негізгі функциясын атқаруына әрі ақша-кредит саясатын жүзеге асыруына қайшы келмесе, жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы немесе оның орынбасарларының бірі Үкімет мәжілістеріне кеңесші дауыс құқымен қатысуға хақылы.

Үкімет Қазақстан Ұлттық Банкінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты Қазақстан Ұлттық Банкі де осындай жауапкершілікті өзіне алатын кездерді қоспағанда Үкіметтің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Ескерту. 22-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2005.07.08. N 69, 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

23-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі - банк, қаржы кеңесшісі және агенті

Қазақстан Ұлттық Банкі банк, қаржы кеңесшісі және мемлекеттік органдармен келісім бойынша олардың агенті ретінде іс-әрекет жасай алады.

Ескерту. 23, 24, 25, 26, 27, 28-баптар жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен .

24-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Банкі

Қазақстан Ұлттық Банкінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаржысы орналастырылады. Қазақстан Ұлттық Банкі Үкімет шоттары бойынша төлем жүргізеді, өзге де операцияларды жүзеге асырады, сондай-ақ оған басқа да қызметтер көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметін Қазақстан Ұлттық Банкінің тікелей қаржыландыруына жол берілмейді.

Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1997.12.08. N 200 Заңымен , 2003.07.10 N 483 (01.01.2004 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі - Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаржы кеңесшісі

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік қарыз алу саясатын жасау және іске асыру, мемлекеттің ақша-кредит саясатымен байланысты мәселелер жөнінде бюджет саясатын қалыптастыру кезінде қаржы кеңесшісі ретінде қызмет етеді.

26-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі - Қазақстан Республикасы Үкіметінің агенті

Қазақстан Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында келісілген шарттарда Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Үкіметінің агенті ретінде іс-қимыл жасайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі Үкіметпен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің агенті ретінде оған мемлекеттік заемына қызмет көрсетеді.

27-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізу

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге құқылы.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бағалы қағаздары бастапқы рынокта орналастырылған кезде Қазақстан Ұлттық Банкінің оларды өз меншігіне сатып алуға құқығы жоқ.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен Үкіметтің шешімі бойынша шығарылған мемлекеттік бағалы

қағаздарды бастапқы орналастыруға қаржы ұйымдарына рұқсат ету шарттарын келіседі
.

Ескерту. 27-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 2003.07.10 N 483 (01.01.2004 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен , 2006.07.05. N 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

28-бап. Мемлекеттік бағалы қағаздар айналысын реттеу

Қазақстан Ұлттық Банкі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісе отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарының айналысын реттеуді жүзеге асырады.

Ескерту. 28-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.07.10 N 483 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен , 2006.07.05. N 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

6 Тарау. Ақша-кредит саясаты

29-бап. Ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақша-кредит саясатын айқындайтын және жүзеге асыратын бірден-бір орган болып табылады. Қазақстан Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатын бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады.

Ақша-кредит саясаты:

Қазақстан Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін;

ақша-кредит саясатының негізгі операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін;

ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін;

ерекше жағдайларда, операциялардың жекелеген түрлерінің деңгейі мен көлеміне тікелей сандық шектеулерді белгілеу жолымен жүзеге асырылады.

Қазақстанның Ұлттық Банкі инфляция бойынша орта мерзімді перспективаға арналған нысаналы бағдарларды белгілейді.

Ескерту. 29-бап жаңа редакцияда – ҚР 2003.07.10 N 483 (01.01.2004 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен , өзгерту енгізілді - 2005.07.08. N 69 Заңымен; 02.01.2021 № 399-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

30-бап. Ақша-кредит саясаты операцияларының түрлері

Ақша-кредит саясатын іске асыру мақсатында Қазақстан Ұлттық Банкі мынадай операция түрлерін жүзеге асырады:

1) тұрақты қолжетімді қарыздар беру;

2) депозиттер қабылдау;

3) валюталық интервенциялар;

4) Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын шығару;

5) мемлекеттік және басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және сату, оның ішінде кері сатып алу құқығымен;

6) алып тасталды - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7) Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімі бойынша басқа да операциялар.

Ескерту. 30-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1997.07.11. N 154 Заңымен, жаңа редакцияда - 2003.07.10 N 483 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

31-бап. Қайта қаржыландырудың ресми ставкасы

Ескерту. 31-бап алып тасталды - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

32-бап. Резервтік талаптар

Қазақстан Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатын жүзеге асыру мақсатында ең төмен резервтік талаптардың нормативтерін белгілейді.

Қазақстан Ұлттық Банкі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын міндеттемелерінің құрылымын айқындайтын ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларды, ең төмен резервтік талаптарды есептеу, ең төмен резервтік талаптарды орындау, ең төмен резервтік талаптарды резервтеу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін бекітеді.

Ең төмен резервтік талаптардың нормативтерін өзгерту осындай шешім қабылданған күннен бастап кемінде бір ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ең төмен резервтік талаптарды бұзған кезде банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Тарату комиссиясының төрағасы тағайындалған күннен бастап он күндік мерзімде Қазақстан Ұлттық Банкі банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының тарату комиссиясына өзінде резервтелген қаражатты қайтарады.

Ескерту. 32-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

33-бап. Бағалы қағаздарды сатып алу және сату

Мемлекеттік және басқа да бағалы қағаздарды сатып алу мен сатуды Қазақстан Ұлттық Банкі жалпы ақша-кредит саясаты шеңберінде жүзеге асырады.

Ескерту. 33-бап жаңа редакцияда – ҚР 2003.07.10 N 483 (01.01.2004 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен .

34-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі және ақша-кредит саясаты операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемелері

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.01.2021 № 399-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі Қазақстан Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясатының негізгі құралы және ақша-кредит саясатының операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу үшін бағдар болып табылады.

Қазақстан Ұлттық Банкі ақша-кредит саясаты операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қаржы нарығындағы нарықтық сыйақы мөлшерлемелеріне әсер ету мақсатында жүзеге асырылып жатқан ақша-кредит саясатының шеңберінде белгілейді.

Ескерту. 34-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

35-бап. Тұрақты қолжетімді қарыздар

Қазақстанның Ұлттық Банкі тұрақты қолжетімді қарыздарды ақша-кредит саясатының қабылданған бағдарларына сәйкес, тек қана өтімділігі жоғары, тәуекелсіз бағалы қағаздармен және өзге де тәуекелі төмен активтермен қамтамасыз ете отырып, күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге береді.

Ескерту. 35-бап жаңа редакцияда – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

36-бап. Валюталық интервенциялар

Қазақстан Ұлттық Банкінің валюталық интервенциялары Қазақстан теңгесінің бағамына әсер ету мақсатында банкаралық немесе биржалық рыноктарда шетел валютасын сатып алу-сату және валюталық мәмілелердің басқа да түрлерін жүргізу жолымен дербес жүзеге асырылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің валюталық интервенциялары жалпы ақша-кредит саясаты шеңберінде жүргізіледі.

Ескерту. 36-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.07.10 N 483 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

36-1-бап. Депозиттер

Депозиттерді тарту мен өтеу тәртібін, талаптарын, мерзімдерін және тарту лимиттерін Қазақстан Ұлттық Банкі айқындайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі ұлттық валютамен де, шетел валютасымен де депозиттер тартуға құқылы.

Ескерту. 36-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.07.10 N 483 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

36-2-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталары

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталары – Қазақстан Ұлттық Банкі эмиссиялайтын, олар бойынша міндеттемелерді Қазақстан Ұлттық Банкі көтеретін мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар.

Қысқа мерзімді ноталарды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу тәртібі мен талаптарын Қазақстан Ұлттық Банкі айқындайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатының мақсаттарына сәйкес қысқа мерзімді ноталарды ұлттық валютамен де, шетел валютасымен де шығаруды жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 36-2-баппен толықтырылды - ҚР 2003.07.10 N 483 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

36-3-бап. Коммерциялық вексельдерді қайта есепке алу

Ескерту. 36-3-бап алып тасталды - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

37-бап. Банк операциялары бойынша сандық шектеулер

Қазақстан Ұлттық Банкінің тікелей сандық шектеулері деп операциялардың жекелеген түрлері және мәмілелері бойынша ставкалардың ең жоғары деңгейлері, кредит беруді тікелей шектеу, сыйақы ставкаларын тұмшалау, жекелеген салалардың дамуын ынталандыру немесе тежеу мақсатында кредиттің нақты түрлерін тікелей реттеу ұғынылады.

Қазақстан Ұлттық Банкі инфляциялық процестерді жанама ақша-кредиттік реттеу әдістерімен тоқтату болмаған жағдайда тікелей сандық шектеулер қолдануға құқылы.

Ескерту. 37-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1997.07.11. N 154 Заңымен.

7 Тарау. Ақша айналысы және ақша бірлігі

38-бап. Ақша бірлігі

Қазақстан Республикасының ақша бірлігі (ұлттық валютасы) Қазақстан теңгесі болып табылады. Қазақстан теңгесі 100 тиыннан тұрады.

Қазақстан Республикасының айналыстағы ақша белгілері банкноттар мен тиындардан тұрады.

Банкноттар мен тиындардың көрсетілген құнының құрылымын Қазақстан Ұлттық Банкі белгілейді.

39-бап. Төлем құралы

Қазақстан Ұлттық Банкінің заң актілерінде, нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасында бірден-бір заңды төлем құралы Қазақстан теңгесі болып табылады.

Ескерту. 39-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен.

40-бап. Банкноттар мен монеталарды шығару

Банкноттар мен монеталар шығаруды, олардың Қазақстан Республикасының аумағындағы айналысын ұйымдастыруды және айналыстан алуды тек қана Қазақстан Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

Қазақстан Ұлттық Банкі банкноттар мен монеталарды заңды және жеке тұлғаларға сату арқылы айналысқа шығаруды жүзеге асырады.

Ескерту. 40-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 69 Заңымен.

41-бап. Ақша бірлігінің қамтамасыз етілуі

Қазақстан Ұлттық Банкінің банкноттары мен тиындары Қазақстан Ұлттық Банкінің сөзсіз міндеттемелері болып табылады және оның барлық активтерімен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Ұлттық Банкі алтын-валюта резервтерінің мөлшері туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында ұдайы жариялап тұрады.

Ескерту. 41-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1997.07.11. N 154, 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

42-бап. Банкноттар мен тиындарды жасап шығару және олардың сипаттамасы

Қазақстан Ұлттық Банкі банкноттар мен тиындардың қажетті мөлшеріне ділгерлікті анықтайды, олардың жасалып шығарылуын қамтамасыз етеді, қолдағы ақшаны сақтау, жою және инкассациялау тәртібін белгілейді.

Монеталар мынадай түрлерге бөлінеді:

инвестициялық монеталар - инвестициялау және жинақтау объектісі болып табылатын, бағалы металдардан жасалған монеталар;

коллекциялық монеталар - коллекциялау және жинақтау объектісі болып табылатын , бағалы металдардан, сол сияқты бағалы емес металдардан жасалған, шектеулі таралыммен дайындалған мерекелік, естелік және өзге де арнайы соғылған монеталар;

айналыстағы монеталар - бағалы емес металдардан дайындалған және қолма-қол ақша айналысына арналған монеталар.

Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталары ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленеді. Банкноттар мен монеталардың бейнесі және сипаты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Ескерту. 42-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1997.07.11. N 154, 2005.07.08. N 69, 2012.01.06 № 530-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

43-бап. Банкноттар мен тиындардың қабылдауға қойылатын талаптар

Қазақстан Ұлттық Банкінің айналысқа шығарған банкноттары мен тиындары олардың белгіленген құнымен Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемдердің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ банк шоттарына, енгізу және ақша аудару үшін қабылдауға міндетті, оларды Қазақстан Республикасының барлық банктері , Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары және Ұлттық пошта операторы шектеусіз ұсатады және айырбастайды.

Қазақстан Ұлттық Банкінен басқа ешкім Қазақстан Ұлттық Банкі шығарған банкноттар мен тиындарды жарамсыз деп жариялай алмайды.

Ескерту. 43-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1999.07.16. N 436 Заңымен; 24.11.2015 № 422-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

43-1-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің банкноттар мен монеталарды сатуы және сатып алуы

Қазақстан Ұлттық Банкінің банкноттар мен айналыстағы монеталарды сатуы, сатып алуы олардың белгіленген құны бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің инвестициялық және коллекциялық монеталарды сатуы және сатып алуы Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 43-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 69 Заңымен.

44-бап. Ақша бірлігін айырбастау құқығы

Ақша бірлігін айырбастауға Қазақстан Республикасы Президентінің құқығы бар. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы ақша бірлігінің қолданылу тәртібін, мерзімін және шарттарын белгілейді.

Ескерту. 44-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.12.05. N 2672 заң күші бар Жарлығымен.

45-бап. Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын айналысқа шығару, ауыстыру және айналыстан алып қою

Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын айналысқа шығару туралы шешімді, оларды ауыстыру және айналыстан алып қою тәртібін Қазақстан Ұлттық Банкі қабылдайды және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Ескерту. 45-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

46-бап. Тозған, күмәнді банкноттар және ақаулы (бүлінген), күмәнді монеталар

Тозған, Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген банкноттар көлемінің кемінде жетпіс пайызы сақталған банкноттарды және ақаулы (бүлінген) монеталарды Қазақстан Ұлттық Банкі, банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары және Ұлттық пошта операторы шектеусіз айырбастайды.

Елу пайызынан астамы сақталған күмәнді банкноттарды және күмәнді монеталарды Қазақстан Ұлттық Банкі, банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары және Ұлттық пошта операторы Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актісіне сәйкес қабылдайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі күмәнді банкноттарды және күмәнді монеталарды Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актісінде көзделген тәртіппен айырбастайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі жоғалған немесе жойылған банкноттар мен монеталарды өтеуге міндетті емес.

Ескерту. 46-бап жаңа редакцияда және өзгерістер енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 422-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

47-бап. Жалған банкноттар мен монеталарды жасағаны, сақтағаны және өткізгені үшін жауаптылық

Жалған банкноттар мен монеталарды өткізу мақсатында жасауға, сақтауға, жалған банкноттар мен монеталарды өткізуге, сондай-ақ қолма-қол ақшаның санкциясыз эмиссиясын жүзеге асыруға кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Ескерту. 47-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

47-1-бап. Кассалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру

Ескерту. 47-1-бап алып тасталды - ҚР 2009.07.11. N 185-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

8 Тарау. Ақша төлемі мен аударымын ұйымдастыру

48-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің төлемдерді және (немесе)ақша аударымдарын, төлем жүйелерін және көрсетілетін төлем қызметтері нарығын ұйымдастырудағы және реттеудегі өкілеттіктері

Қазақстан Ұлттық Банкінің төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын, төлем жүйелерін және көрсетілетін төлем қызметтері нарығын ұйымдастырудағы және реттеудегі, көрсетілетін төлем қызметтері нарығына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды және төлем жүйелерін қадағалауды (оверсайтты) жүзеге асырудағы өкілеттіктері "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 48-бап жаңа редакцияда - ҚР 26.07.2016 № 12-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

48-1-бап. (алынып тасталды - ҚР 2005.07.08 N 69 Заңымен)

49-бап. Шоттар

Қазақстан Ұлттық Банкі банк шоттарының түрлерін, құқықтық режимін және құрылымын, шоттарды ашу, жүргізу және жабу тәртібі мен шарттарын белгілейді .

Ескерту. 49-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2009.07.11. N 185-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

50-бап. Ақша төлемі мен аударымын жүзеге асыру тәсілдері

Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын ақша төлемі мен аударымын жүзеге асыру тәсілдері Қазақстан Республикасының заң актілерінде және соларға сәйкес қабылданған нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Ескерту. 50-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.07.16. N 436 Заңымен.

51-бап. (алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. № 154 Заңымен) 8-1-тарау. ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ЖӘРДЕМДЕСУ

Ескерту. Заң 8-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

51-1-бап. Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асыру

Қазақстан Ұлттық Банкі дербес және (немесе) өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп өздерінің құзыреті шеңберінде қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлейді және жүзеге асырады.

Қазақстан Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Үкіметі және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган қаржы жүйесінің тұрақтылығы мәселелері бойынша:

бір-біріне жалпы мемлекеттік маңызы бар, болжанатын әрекеттер және қол жеткізілген нәтижелер туралы ақпарат беру;

қаржылық тұрақтылық үшін тәуекел факторларын бірлесіп бағалау;

жүйелік тәуекелді барынша азайту, қаржы дағдарысының туындауын болғызбау және оның салдарларын барынша азайту мақсатында келісілген шешімдер кешенін әзірлеу, қабылдау және іске асыру;

қаржылық тұрақтылық мәселелері бойынша келісім жасасу арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша ведомствоаралық үйлестіруді Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңес жүзеге асырады.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған мынадай шараларды қабылдауға байланысты:

қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдерін төмендетуге бағытталған макропруденциялық саясатты іске асыру шаралары жөніндегі;

Қазақстан Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қаржы дағдарысының туындауын болғызбау және оның салдарларын барынша азайту бойынша шаралар кешені жөніндегі;

мәжбүрлеп таратылуы қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдеріне әкеп соғатын төлемге қабілетсіз банкті реттеу шаралары жөніндегі, оның ішінде оны реттеу кезінде мемлекеттің қатысуы жөніндегі;

екінші деңгейдегі банктерді, оның ішінде Қазақстан Ұлттық Банкінің және (немесе) оның еншілес ұйымдарының қаражаты есебінен сауықтыру бойынша шараларды қаржыландыру жөніндегі мәселелер міндетті түрде Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңестің алдын ала қарауына жатады.

Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңесті құру туралы шешімді, оның құрамын және ол туралы ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Қазақстан Ұлттық Банкі қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу мақсатында:

1) қаржы жүйесінің тұрақтылығына ықпал ететін макроэкономикалық және макроқаржылық факторларға ұдайы мониторинг жүргізеді;

2) макропруденциялық саясатты қалыптастырады;

3) осы Заңда және Қазақстан Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның бірлескен нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен және шарттарда соңғы сатыдағы қарыздарды береді;

4) 31.12.2016 дейін қолданыста болды - ҚР 24.11.2015 № 422-V Заңымен.

5) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

6) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

7) Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілеген тәртіппен, шарттармен және мерзімдерде екінші деңгейдегі банктермен туынды қаржы құралдарымен операциялар жүргізеді;

8) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

Ескерту. 51-1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

51-2-бап. Макропруденциялық саясат

Ескерту. 51-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

Макропруденциялық саясат деп қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдерін төмендетуге бағытталған шаралар кешені түсініледі.

Қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдері деп бүкіл қаржы жүйесінің немесе оның бір бөлігінің қаржылық жай-күйінің нашарлауына алып келетін және (немесе) оның тұрақты жұмыс істеуіне нұқсан келтіретін қаржылық көрсетілетін қызметтердің ұсынылуын бұзу тәуекелдері түсініледі. Қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдеріне жүйелік маңызы бар қаржы ұйымдарының тәуекелдері де жатады.

Жүйелік маңызы бар қаржы ұйымдары деп тұрақты жұмыс істеуіне тұтастай алғанда, қаржы жүйесінің тұрақтылығы байланысты болатын қаржы ұйымдары түсініледі.

Қазақстан Ұлттық Банкі макропруденциялық саясатты қалыптастыру мақсатында:

1) тұрақты негізде қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдеріне мониторинг жүргізеді;

2) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша қаржы ұйымдарын жүйелік маңызы бар ұйымдар қатарына жатқызу тәртібін айқындайды;

2-1) жүйелік маңызы бар қаржы ұйымдарының тізімін қалыптастырады;

3) дербес өзі немесе өзге де мемлекеттік органдардың құзыреттері шегінде олармен бірлесіп Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңестің қарауына қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған шараларды шығарады;

4) жүйелі қаржы дағдарысы туындаған немесе туындау қаупі төнген жағдайда, дербес немесе Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесе отырып, қаржы ұйымдарының банк операцияларының жекелеген түрлерін және басқа да операцияларды жүргізуіне шектеу енгізеді.

Ескерту. 51-2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

51-3-бап. Соңғы сатыдағы қарыздар

1. Соңғы сатыдағы қарыздар деп өтімділіктің қысқа мерзімді тапшылығын бастан кешіріп отырған банктерге Қазақстанның Ұлттық Банкі беретін қарыздар түсініледі.

Қазақстанның Ұлттық Банкі соңғы сатыдағы қарыз беруші ретінде мынадай жағдайларда ғана әрекет етеді:

1) өз депозиторлары мен кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін қаржылық жағдайы орнықсыз банктер санатына немесе төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылмаған Қазақстан Республикасының резидент-банкі қарыз алушы болып табылады;

2) қарыз тізбесін және оларға белгіленетін дисконттарды Қазақстанның Ұлттық Банкі айқындайтын активтердің кепілімен беріледі.

Дисконтты есепке алғанда, кепілге берілетін активтердің құны қарыз бойынша сыйақыны есепке алғанда, оның мөлшерін толық көлемде жабуға тиіс.

3) қарыз ұлттық валютада беріледі;

4) қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі Қазақстанның Ұлттық Банкі белгілеген қосымша пайыздық сыйақы есепке алына отырып, Қазақстан Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінен төмен емес деңгейде белгіленеді;

5) қарыз мерзімін үш реттен асырмай ұзарту мүмкіндігі беріле отырып, күнтізбелік он төрт күннен тоқсан күнге дейінгі мерзімге беріледі. Барлық ұзарту мерзімдерін есептегенде қарызды пайдаланудың жалпы мерзімі бір жылдан аса алмайды. Соңғы сатыдағы қарыздың мерзімін ұзарту осы бапта көрсетілген шарттарда жүзеге асырылады.

2. Қазақстанның Ұлттық Банкі жүйелік маңызы бар инфрақұрылымдық қаржы ұйымдарына соңғы сатыдағы қарыздарды беруге құқылы.

3. Банк соңғы сатыдағы қарыз бойынша міндеттемелерді орындамаған (тиісінше орындамаған) жағдайда, Қазақстан Ұлттық Банкінің талаптарын қанағаттандыру Қазақстан Ұлттық Банкінің кепілге салынған активтерді өз меншігіне айналдыруы және (немесе) банктің оларды Қазақстан Ұлттық Банкінің талаптарын қанағаттандыру мақсатында қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Ұлттық Банкі айқындаған үшінші тұлғаға өткізуі арқылы соттан тыс тәртіппен жүргізіледі.

Соңғы сатыдағы қарыз шарты бойынша қамтамасыз ету болып табылатын активтерге құқықты (талап етуді) басқаға беру:

1) банк акционерлерінің, борышкерлерінің, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалардың (кепіл берушілерді, кепілдерді, кепілгерлерді қоса алғанда) келісуін талап етпейді. Бұл ретте жаңа кредитордың жеке басы борышкер үшін айтарлықтай маңызы жоқ деп танылады;

2) банк банктің борышкерлерімен, сондай-ақ өзге тұлғалармен (кепіл берушілерді, кепілдерді, кепілгерлерді қоса алғанда) жасасқан шарттарға шарттың жаңа тарапын көрсету бөлігінде өзгерістер енгізуді талап етпейді.

4. Соңғы сатыдағы қарыздарды беру және өтеу, сондай-ақ соңғы сатыдағы қарыз шарты бойынша қамтамасыз ету болып табылатын активтерге өндіріп алуды қолдану тәртібін, шарттарын Қазақстанның Ұлттық Банкі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп айқындайды.

Ескерту. Заң 51-3-баппен толықтырылды – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-2-тарау. Ерекше реттеу режимі

Ескерту. 8-2-тараумен толықтырылды – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

51-4-бап. Ерекше реттеу режимін енгізу мақсаттары және оның шеңберінде қызметті жүзеге асырудың жалпы шарттары

1. Қазақстан Ұлттық Банкінің ерекше реттеу режимі көрсетілетін төлем қызметтеріне байланысты қызметті жүзеге асырудың арнайы шарттарының жиынтығын білдіреді.

2. Ерекше реттеу режимі мынадай мақсаттарға қол жеткізуге:

1) көрсетілетін төлем қызметтері нарығында бәсекелестікті арттыруға;

2) қанағаттану дәрежесін арттыру және тұтынушылардың, кәсіпкерлік субъектілерінің және мемлекеттің мүдделеріне сәйкес келу үшін жаңа көрсетілетін қызметтерді енгізуге және қаржы нарығын дамытуға;

3) көрсетілетін төлем қызметтері нарығын оңтайлы реттеуді, бақылауды және қадағалауды қалыптастыруға, тұтынушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.

3. Ерекше реттеу режимінің қағидаттары:

1) ерекше реттеу режимі шеңберінде қатысу шарттарының теңдігін қамтамасыз ету;

2) ерекше реттеу режимі қатысушыларының тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін сақтауы болып табылады.

4. Ерекше реттеу режимі Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімімен енгізіледі, онда көрсетілетін төлем қызметінің түрлері және (немесе) көрсетілетін төлем қызметтеріне байланысты қызмет, оларды ерекше реттеу режимі шеңберінде көрсетудің (жүзеге асырудың) арнайы шарттары, ерекше реттеу режимінің қатысушыларына Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қолдану тәртібі мен шарттары көрсетіледі.

Қазақстанның Ұлттық Банкі енгізетін ерекше реттеу режимінің жалпы мерзімі бес жылдан аспайды.

5. Ерекше реттеу режимі енгізілген мерзім өткеннен кейін ол өз қолданысын тоқтатады.

6. Ерекше реттеу режимін енгізу және оның күшін жою, ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісімен бекітіледі.

Ескерту. 51-4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

51-5-бап. Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру

1. Көрсетілетін төлем қызметтеріне байланысты қызметті жүзеге асыру мақсатында қаржы ұйымдары болып табылмайтын төлем ұйымдары және (немесе) өзге заңды тұлғалар ерекше реттеу режимінің қатысушылары (бұдан әрі – ерекше реттеу режимінің қатысушылары) бола алады.

2. Ерекше реттеу режимі қатысушысының қызметі Қазақстанның Ұлттық Банкімен жасалатын, ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Ерекше реттеу режимінің шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы үлгілік шартты Қазақстанның Ұлттық Банкі бекітеді.

Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы үлгілік шартта ерекше реттеу режимінің қатысушысы көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларды ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыратыны туралы хабардар етуі міндетті болатын шарт қамтылуға тиіс.

3. Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шартты жасауға арналған құжаттарды іріктеу өлшемшарттары және қарау тәртібі Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісімен бекітіледі.

4. Мәлімделген қызмет түрі – ерекше реттеу режимін енгізу мақсаттарына, ерекше реттеу режимінің қатысушыларын іріктеу өлшемшарттарына және (немесе) ұсынылған құжаттар Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда, Қазақстанның Ұлттық Банкі ерекше реттеу режимінің қатысушысына ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасудан бас тартады.

5. Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданысы:

1) ерекше реттеу режимі енгізілген мерзімнің өтуіне не оның күшінің жойылуына байланысты оның қолданысы тоқтатылған кезде;

2) ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шарттың мерзімі өткен немесе ол мерзімінен бұрын бұзылған кезде;

3) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында немесе ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шартта көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

6. Ерекше реттеу режимінің қатысушысы шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, сондай-ақ, егер ерекше реттеу режимінің қатысушысы Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келуді тоқтатқан жағдайда, Қазақстанның Ұлттық Банкі ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

Қазақстанның Ұлттық Банкі ерекше реттеу режимінің қатысушысын ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шартта айқындалған міндеттемелердің орындалмағаны және бұзушылықтарды хабарлама берілген күннен бастап алпыс жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жою қажеттігі туралы хабардар етеді.

Ерекше реттеу режимінің қатысушысы анықталған бұзушылықтарды және (немесе) олардың жасалуына ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын Қазақстан Ұлттық Банкінің хабарламасын алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде әзірлейді және Қазақстанның Ұлттық Банкіне ұсынады. Іс-шаралар жоспарында жоспарланған іс-шаралардың тізбесі, оларды жүзеге асыру мерзімдері, сондай-ақ жауапты лауазымды адамдар көрсетіледі.

Қазақстанның Ұлттық Банкі іс-шаралар жоспарын мақұлдаған жағдайда, ерекше реттеу режимінің қатысушысы оны іске асыруға кіріседі және іс-шараларды орындау туралы есепті Қазақстанның Ұлттық Банкі белгілеген мерзімдерде Қазақстанның Ұлттық Банкіне ұсынады.

Қазақстанның Ұлттық Банкі іс-шаралар жоспарымен келіспеген жағдайда, ерекше реттеу режимінің қатысушысы Қазақстан Ұлттық Банкінің ескертулерін жояды.

Іс-шаралар жоспары мақұлданбаған және (немесе) ерекше реттеу режимінің қатысушысы көрсетілген ескертулерді жою бойынша шаралар қабылдамаған жағдайда, Қазақстанның Ұлттық Банкі ерекше реттеу режимінің қатысушысын ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шартты біржақты тәртіппен бұзатыны туралы хабардар етеді.

7. Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданысы тоқтатылғаннан кейін бұрын ерекше реттеу режимінің қатысушысы болып табылған тұлға ерекше реттеу режимі шеңберінде жүзеге асырылатын, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес соған қатысты рұқсат беру тәртібі қолданылатын қызметті дереу тоқтатуға, сондай-ақ өзінің клиенттері алдындағы міндеттемелерін Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орындауға міндетті.

8. Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданысы тоқтатылғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзіне қатысты рұқсат беру тәртібі қолданылатын қызметті жүзеге асыру заңсыз болып табылады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

Ескерту. 51-5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

9 Тарау. Қазақстан Ұлттық Банкінің операциялары

52-бап. Қазақстан Ұлттық Банкіндегі банк шоттарының иелері

Қазақстанның Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен Қазақстан Ұлттық Банкінде банк шоттарын ашқан заңды тұлғалар және банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары ондағы банк шоттарының иелері болып есептеледі.

Ескерту. 52-бап жаңа редакцияда – ҚР 1999.07.16. N 436; өзгеріс енгізілді – ҚР 24.11.2015 № 422-V (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

52-1-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің ұлттық валютамен операциялары және мәмілелері

Қазақстанның Ұлттық Банкі ұлттық валютамен мынадай операциялар жүргізеді:

1) қарыздар алуға құқығы бар ұйымдарға Қазақстан Ұлттық Банкінің құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен осындай қарыздарды береді;

2) алып тасталды - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3) мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алады және сатады;

4) Қазақстанның Ұлттық Банкі кредиттерді қамтамасыз ету үшін жарамды деп есептейтін депозиттік сертификаттарды, борыштық бағалы қағаздарды сатып алады және сатады;

5) депозиттерді қабылдайды, ақша төлемі мен аударымдарын жүзеге асырады, бағалы қағаздар мен өзге де құндылықтарды сақтауға және басқаруға қабылдайды;

6) туынды қаржы құралдарымен операцияны жүзеге асырады;

7) қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі банктер мен қаржы ұйымдарында, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдарында шоттар ашады;

7-1) жеке тұлғалардың ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және ипотекалық қарыздарын Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындаған тәртіппен қайта қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі банктерге, оның ішінде өздерінің еншілес ұйымдары арқылы депозиттер орналастырады;

8) чек жазып береді және вексельдер береді;

9) егер осы Заңда тікелей тыйым салынбаған болса, басқа банк операцияларын, сондай-ақ өз міндеттеріне сәйкес өз атынан мәмілелерді жүзеге асырады.

Ескерту. 52-1-баппен толықтырылды – ҚР 1999.07.16. N 436 Заңымен, өзгерістер енгізілді – ҚР 10.07.2003 N 483 Заңымен (01.01.2004 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.05. N 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 24.11.2015 № 422-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 02.07.2018 № 168-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

53-бап. Алып тасталды – ҚР 2003.07.10 N 483 (01.01.2004 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

54-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің операциялары бойынша шектеулер

Қазақстан Ұлттық Банкінің:

- осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, ұйымдарға қызмет көрсету, сондай-ақ заңды тұлғалардың акцияларын сатып алуға;

- қолданылып жүрген заңдарда рұқсат етілгендерді қоспағанда саудамен және басқа да қызметпен шұғылдануға;

- қамтамасыз етілмеген қарыздар, сондай-ақ бір жылдан асатын мерзімге қарыздар беруге;

- Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, берілген қарыздардың мерзімін ұзартуға немесе мерзімі өткен вексельдерді жаңартуға рұқсат беруге құқығы жоқ.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген жағдайлардан ерекшелік тек қана Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының арнайы шешімі бойынша жасалуы мүмкін.

Ескерту. 54-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР Президентінің 1996.01.27. N 2830 заң күші бар Жарлығымен, 1997.07.11. N 154 Заңымен, 1999.07.16. N 436 Заңымен; 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10 Тарау. Қазақстан Ұлттық Банкінің сыртқы экономикалық қатынастар саласындағы қызметі. Валюталық құндылықтармен жүргізілетін операциялар

Ескерту. 10-тараудың атауы өзгертілді - ҚР 1997.07.11 N 154 Заңымен.

55-бап. Алынып тасталды - ҚР 2003.07.10 N 483 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

56-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы функциялары

Қазақстанның Ұлттық Банкі валюталық реттеу және валюталық бақылау органы ретінде:

1) Қазақстан Республикасындағы валюталық құндылықтардың айналысы тәртібін айқындайды;

2) Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында шетел валютасын сатып алу және сату тәртібін қоса алғанда, Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру тәртібін айқындайды;

3) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыру жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын белгілейді;

4) қызметін тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды лицензиялау тәртібін айқындайды және осындай заңды тұлғаларға қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияларды және (немесе) лицензияларға қосымшаларды береді;

5) айырбастау пункттерін ашу және қолма-қол шетел валютасын ұлттық валютаға сатып алу бағамдарының сату бағамдарынан ауытқу шектерін белгілеу тәртібін қоса алғанда, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру тәртібін айқындайды;

6) капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттарды есептік тіркеу, жүргізілген валюталық операциялар туралы және Қазақстан Республикасы резиденттерінің

шетелдік банктердегі шоттары туралы хабардар ету және валюталық операцияларды мониторингтеу мақсаттары үшін ақпарат ұсыну тәртібін қоса алғанда, валюталық операцияларды мониторингтеу және валюталық операциялар мен Қазақстан Республикасы резиденттерінің шетелдік банктердегі шоттары бойынша ақпарат ұсыну тәртібін айқындайды;

7) Қазақстан Республикасы резиденттерінің репатриациялау талабын орындауын қамтамасыз ету мақсатында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды;

8) арнайы валюталық режим шеңберінде валюталық операциялар жүргізуге арнайы рұқсаттар береді;

9) мемлекеттік органдардың құзыретіне сәйкес олармен келісу бойынша Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасы резиденттерінің және Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің орындауы үшін міндетті валюталық операциялар бойынша есепке алу мен есептіліктің тәртібі мен нысанын, сондай-ақ валюталық бақылау агенттерінің есептілікті ұсыну тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;

10) уәкілетті банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының және өзге де тұлғалардың Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын бұзу фактілері анықталған жағдайларда, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес шектеулі ықпал ету шараларын, қадағалап ден қою шараларын және санкцияларды қолданады.

Қазақстанның Ұлттық Банкі осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес валюталық реттеу және валюталық бақылау саласында өзге де функцияларды орындауға құқылы.

Ескерту. 56-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.07.2018 № 168-VI (01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 24.11.2015 № 422-V (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

57-бап. Шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтермен жасалатын операциялар

Қазақстан Ұлттық Банкі шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтермен мынадай операцияларды жүргізеді:

шетел валютасын сатып алады және сатады;

Қазақстан Республикасының Үкіметі шетел валютасында, шет мемлекеттердің үкіметтері немесе халықаралық қаржы ұйымдары шығарған және кепілдік берген бағалы қағаздармен операцияларды жүргізеді;

Қазақстан Республикасының банктерінде, өздері тіркелген мемлекеттердің заңнамасы бойынша тиісті құқығы бар шетелдік орталық банктерде, шетел банктерінде

және басқа қаржы институттарында, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдарында шоттар ашады;

өздері тіркелген мемлекеттердің заңнамасы бойынша тиісті құқығы бар шетелдік орталық банк, шетел банктері және басқа қаржы институттары, шет елдердің үкіметтері мен олардың агенттері, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдары үшін шоттарды ашады және жүргізеді, олардың өкілі немесе корреспонденті ретінде іс-әрекет жасайды;

тазартылған алтынды, басқа да бағалы металдарды қабылдау мен сақтауды жүзеге асырады;

ішкі және сыртқы нарықтарда тазартылған алтынды және басқа да бағалы металдарды сатып алу, сату, сақтауға орналастыру және депозитке салу жөніндегі, оның ішінде мемлекеттің басым құқығын іске асыру шеңберінде тазартылған алтынды сатып алу жөніндегі операцияларды жүргізеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасына шетел валютасындағы активтер мен бағалы металдарды әкеледі, сондай-ақ оларды шетел банктеріндегі және мамандандырылған қаржы ұйымдарындағы өз шоттарына орналастыру үшін шет елдерге әкетеді;

Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы оларға қойылатын талаптарды айқындайтын бағалы қағаздармен операцияларды жүргізеді;

Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы ең төменгі деңгейін айқындайтын кредиттік рейтингі бар қарсы әріптестермен ақша нарығының құралдарымен операцияларды жүзеге асырады;

Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес туынды қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асырады;

клиенттердің металл шоттарын ашады және жүргізеді;

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімі бойынша басқа да операцияларды жүзеге асырады.

Қазақстан Ұлттық Банкі валюталық операциялардың кез келген түрін шектеусіз жүзеге асырады.

Осы Заңда көзделген мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді орындау үшін Қазақстан Ұлттық Банкі активтерді салу тәуекелін ескере отырып және оларды басқарудың негізгі қағидаттарына сәйкес, шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтерді олардың ұзақ мерзімді болашақта сақталуын, өтімділігі мен кірістілігін қамтамасыз ете отырып басқару жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

Ескерту. 57-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

58-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің алтын-валюта резервтері

Қазақстан Ұлттық Банкінің алтын-валюта резервтері (бұдан әрі – алтын-валюта резервтері) халықаралық капитал нарығында жоғары өтімділікке ие Қазақстан Ұлттық Банкі активтерінен Қазақстан теңгесінің ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында қалыптастырылады және:

тазартылған құйма алтынды және металл шоттарындағы алтынды;

Халықаралық валюта қорындағы резервтік позицияны және Халықаралық валюта қорының арнайы қарыз беру құқығындағы активтерді;

қолма-қол ақшаны, шетел банктерінде орналастырылған депозиттерді қоса алғанда, еркін айырбасталатын шетел валютасындағы активтерді және эмитенттері шетелдердің үкіметтері немесе халықаралық қаржы ұйымдары болып табылатын бағалы қағаздарды;

өтімділікке және шектеу талаптарынсыз пайдалану мүмкіндігіне ие, еркін айырбасталатын шетел валюталарында номинирленген басқа да сыртқы активтерді қамтиды.

Қазақстан Ұлттық Банкі алтын-валюта резервтерін ұлттық валютаның тұрақтылығын және айырбасталуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының міндеттемелері бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін қажетті деңгейде ұстап тұруды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, алтын-валюта резервтерін кредиттер (қарыздар, несиелер) беру нысанында пайдалануға және Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместеріне кепілдіктер немесе басқа да міндеттемелер ұсынуға жол берілмейді.

Қазақстан Ұлттық Банкі алтын-валюта резервтерінің құрылымын ұлғайтуды және өзгертуді:

Қазақстан теңгесі мен шетел валютасына тазартылған алтынды сатып алу;

Қазақстан теңгесіне (естелік және кәдесый монеталарын қоса алғанда) және шетел валютасына Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместерден, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметінен еркін айырбасталатын шетел валютасындағы активтерді сатып алу;

шетел валютасымен депозиттік, салымдық, дилингтік операциялардан және шетел валютасында номинирленген бағалы қағаздармен операциялардан, сондай-ақ оларға шетел валютасында берілген кредиттерден түсетін еркін айырбасталатын шетел валютасындағы комиссиялық және басқа да сыйақы түсімдері;

Қазақстан Ұлттық Банкінің тазартылған алтында номинирленген бағалы қағаздарымен операциялардан түсетін түсімдерді қоса алғанда, Қазақстан Ұлттық Банкінің алтынды сатудан, депозитке салудан және онымен басқа да операциялар жүргізуінен түсетін алтын және еркін айырбасталатын шетел валютасындағы түсімдер;

Қазақстан Ұлттық Банкінің шетел валютасындағы эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруынан түсетін еркін айырбасталатын шетел валютасындағы түсімдер;

шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтерді басқарудың негізгі қағидаттарына сәйкес шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтерді алтын-валюта резервтеріне аудару;

Қазақстан Ұлттық Банкі халықаралық қаржы ұйымдарынан, шет мемлекеттердің орталық банктерінен және басқа кредиторлардан алған кредиттерден түсетін түсімдер;

осы Заңға және Қазақстан Ұлттық Банкі туралы ережеге сәйкес Қазақстан Ұлттық Банкі көрсететін қызметтерден түсетін еркін айырбасталатын шетел валютасындағы түсімдер жолымен жүргізеді.

Қазақстан Ұлттық Банкі алтын-валюта резервтерінің құрылымын азайтуды және өзгертуді:

айырбастау бағамы саясатын қоса алғанда, ақша-кредит саясатын жүргізу және ішкі валюта нарығында шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімсіздікті деңгейлестіру мақсатында еркін айырбасталатын валютаны сату;

бюджет қаражаты және Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен, Қазақстан Ұлттық Банкінің халықаралық міндеттемелерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының сыртқы борышын өтеу және оған қызмет көрсету, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Ұлттық Банкінің міндеттемелерін, Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындау;

өнім (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) импортына ақы төлеу, шет елдегі дипломатиялық және өзге де өкілдіктерді ұстау, іссапар және өкілдік шығыстарын төлеу;

басқа шетел валютасын сатып алу үшін еркін айырбасталатын шетел валютасындағы активтерді сату;

Қазақстан Ұлттық Банкінің эмиссиялық бағалы қағаздарын өтеу;

Қазақстан Ұлттық Банкі алған кредиттер бойынша негізгі соманы және сыйақыны қайтару, сондай-ақ комиссиялық және соларға ілеспе басқа да шығыстарды төлеу;

шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтерді басқарудың негізгі қағидаттарына сәйкес алтын-валюта резервтерін шетел валютасындағы және бағалы металдардағы басқа активтерге аудару;

тазартылған алтынды Қазақстан теңгесіне және шетел валютасына өткізу;

шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтерді басқару мен сақтауға байланысты шығыстарды төлеу;

шығынды алтын-валюта резервтерін есептен шығару жолымен жүргізеді.

Алтын-валюта резервтерін ұлғайту немесе азайту алтын-валюта резервтеріне кіретін активтердің нарықтық құнының өзгеруі және Қазақстан Ұлттық Банкінде ашылған еркін айырбасталатын валютадағы банк шоттары иелерінің-резиденттердің операциялары нәтижесінде де жүргізіледі.

Ескерту. 58-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс

енгізілді - ҚР 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

59-бап. Бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығы

Ескерту. 59-бап алып тасталды - ҚР 14.01.2016 № 445-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

60-бап. Алтын-валюта активтерін қайта бағалау шоты

Ескерту. 60-бап алып тасталды - ҚР 2009.07.11. N 185-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

11 Тарау. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын және Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасы саласындағы бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. 11-тарау алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

12 Тарау. Қазақстан Ұлттық Банкінің есеп беруі

65-бап. Қаржы жылы

Қазақстан Ұлттық Банкінің қаржы жылы күнтізбелік есептеу бойынша 1 қаңтардан басталып, 31 желтоқсанда аяқталады.

66-бап. Есеп беру

Қазақстан Ұлттық Банкі жыл сайын Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне жылдық есеп беріп отырады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Ұлттық Банкінің жылдық есебін қарап, оны бекіту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 66-бап жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.12.05. N 2672 заң күші бар Жарлығымен , өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.07.16. N 436 Заңымен , 2003.07.10 N 483 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен , 2006.07.05. N 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.11. N 185-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

67-бап. Жылдық есеп

Қазақстан Ұлттық Банкінің жылдық есебі:

- ақша-кредит саясаты және қаржы рыногының жай-күйі туралы баяндаманы;
- Қазақстан Ұлттық Банкінің өткен жылғы қызметі туралы есепті;
- Қазақстан Ұлттық Банкінің жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін;

Ескерту. 67-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.12.05. N 2672 заң күші бар Жарлығымен , Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен , 1999.07.16. N 436 Заңымен , 2003.07.10 N 483 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен , Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 69 Заңымен.

68-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметін тексеру

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімі бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінің қаржылық есептілігінің аудитін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттің немесе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдерінің орталық банкіне аудит жүргізу тәжірибесі бар аудиторлық ұйым жыл сайын жүргізеді.

Тексеріс кезінде алынған әрбір ақпарат құпия деп саналады және аудиторлық ұйым оны үшінші жаққа жеткізгені үшін жауап береді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ұйымдарының қызметіне жасалған кез келген мемлекеттік органның тексерісі Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен не болмаса тапсыруы бойынша ғана жүзеге асырылады.

Ескерту. 68-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.12.05. N 2672 заң күші бар Жарлығымен , Қазақстан Республикасының 2003.07.10 N 483 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 69 , 2009.07.11. N 185-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

13 Тарау. Қорытынды ережелер

69-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің таратылуы

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының тиісті Заңын қабылдау жолымен таратылуы мүмкін, Қазақстан Ұлттық Банкі таратылған жағдайда оның мүлкі тиісті Заңда көрсетілген банк құқығын иеленушіге береді.

Ескерту. 69-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.12.05. N 2672 заң күші бар Жарлығымен .

70-бап. Ақпарат алу жөніндегі өкілеттіктер

Қазақстан Ұлттық Банкіне жүктелген функциялардың сапалы және уақтылы орындалуын, осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де заңдары талаптарының

іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Ұлттық Банкі кез келген жеке және заңды тұлғалардан, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдарынан, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарынан, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру брокерлерінің филиалдарынан, сондай-ақ мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты, оның ішінде қызметтік, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді өтеусіз алуға құқылы. Бұл ретте алынған ақпарат жария етілуге жатпайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген, алынған ақпаратты қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға, соның ішінде оның Қазақстан Ұлттық Банкінің ақпараттық жүйелеріне қол жеткізе алуын қамтамасыз ету арқылы береді.

Мемлекеттік органдар, қаржы және өзге де ұйымдар, олардың қауымдастықтары (одақтары), сондай-ақ жеке тұлғалар, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру брокерлерінің филиалдары Қазақстан Ұлттық Банкінің сұрау салуы бойынша құжаттарды, қаржы есептемесін қоса алғанда, есептемені және қажет болған жағдайда Қазақстан Ұлттық Банкінің өз функцияларын орындауына қажетті өзге де қосымша ақпаратты беруге міндетті.

Ескерту. 70-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР 24.11.2015 № 422-V (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

70-1-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі көрсететін қызметтердің өтемділігі

Қазақстан Ұлттық Банкі банк операцияларын және басқа да қызметтерді ақылы негізде атқаруға құқылы. Қазақстан Ұлттық Банкі көрсететін қызметтері үшін ақының түрлері мен мөлшерлерін өз бетінше белгілейді.

Қазақстан Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын, өзге де қорлар мен ұйымдарды басқару жөніндегі қызметтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға көрсетілетін банктік және өзге де қызметтер үшін ақы алмайды.

Қазақстанның Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда ақылы негізде жеке және заңды тұлғаларға, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдарына, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру брокерлерінің филиалдарына мемлекеттік қызметтер көрсетеді. Ол көрсететін мемлекеттік қызметтер

үшін ақының мөлшерлері Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалады.

Ескерту. 70-1-баппен толықтырылды - ҚР 1997.07.11. N 154 Заңымен; жаңа редакцияда - 2001.05.03. N 182 Заңымен, өзгеріс енгізілді - 2003.07.10 N 483 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, 2006.07.05. N 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

71-бап. Талап етудің ескіру мерзімі

Қазақстан Ұлттық Банкінің кредит шарттарының тиісінше орындалмауы жөнінде қарыз алушыларға қоятын талаптарына талап етудің ескіру мерзімі қолданылмайды.

Ескерту. 71-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

72-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің жауапкершілігі

Қазақстан Ұлттық Банкі өз міндеттемелерін орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Ескерту. 72-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

73-бап. Алынып тасталды - ҚР 2003.07.10 N 483 (01.01.2004 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

74-бап. Осы Заңның күшіне енуі

Осы Заң жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Ескерту. 74-баптың атауы өзгертілді - ҚР 1997.07.11 N 154 Заңымен.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК